№5 (11) / мамыр / 2018

САРАСӨЗ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИ–ҚОҒАМДЫҚ ЖУРНАЛ



Ақын Айнұр Тұрсынбаева

САРАСӨЗ

Директор-Бас редактор
Гүлжаз ҚАРЫБЕК

Дизайны: Бекжігіт Сердәлі

Қатегері: Құрбан Әділ

SMM-менеджер: Еңлік Қалдархан

Стилист: Мұрат Шаханбай

sarasoz.kz sarasoz.kz

Редакцияның мекен-жайы: Түркістан қаласы, Бортөбе көшесі, 33-үй.
Тел: 87028398688, электронды пошта: gulastana100@mail.ru

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы куәлігі №16302-ж 17.01.2017 ж. берілді

МЕНШІК ИЕСІ:
ЖК «Кыдыкбекова Г.К.»

Журнал «Print houze Gerona» ЖШС баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30 А/3-үй

Мақала авторының көзқарасы редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. «Сарасөзде» жарияланған материал-дарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, журналға сілтеме жасалуы міндетті

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы

Таралымы: 5000 дана

Журнал айына бір рет шығады

Журнал Ясауи ғылыми-зерттеу орталығының демеушілігімен жарық көрді

Фотосуреттерді ұсынған:
Дәулет Қожамұратов,
Нақып Шынтеміров

Журнал жарияланымдарындағы Иасауи, Ясауи есімдері авторлардың жеке көзқарастарына байланысты қолжазбада қалай көрсетілсе солай берілді



Ұлан ЕРКІНБАЙ:

ІСІЛЕГЕН ТҰЖЫРЫМДАР ӘДЕБИЕТТАНУЛЫҚ ҮДЕРІСТЕ УАҚЫТША ҚОНАҚТАЙДЫ



Бүгінгі әдебиеттану ғылымының өкілдерімен сырласып, әдебиет әлемі һәм қоғамдағы әдебиеттің рөлі жайында әңгімелесуді жұмысымыздың негізгі мақсатына айналдырдық. Бұл – «Әдеби талқы» айдары. Айдарымыздың бүгінгі қонағы, белгілі әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ұлан Еркінбай. «Үндемей жүріп үйдей іс бітіретін» азаматтың келелі әңгімесін бірге оқиық:

– Ұлан Оралұлы, Сіз ҚР Ұлттық ғылым академиясы тарапынан Ресей ғылым академиясының Филология институтында білім алған соңғы аспирант екенсіз. Қызығы мен шыжығы көп аспиранттық жылдарыңызда танымал ғалымдардың алдын көріп, дәрісін тыңдадыңыз. Ресей аумағында оқып жатқан Орта Азия жастарының басын қосып, Шоқан Уәлиханов атындағы Ғылыми бірлестік құрған екенсіз. Бұл бір жағынан қарағанда, кешегі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде өзге елдерде білім алған Алаш жастары құрған «Жерлестер» ұйымы сияқты екен. Әдебиеттану төңірегінде өрбілер әңгімеміздің әлқисасын осы Сібір бөліміндегі Филология институтының ғылыми ортасы мен аталмыш Ғылыми қоғамның жұмысынан бастасақ.

– Иә, расында біз қазақтың Ұлттық Ғылым Академиясының соңғы аспиранттары ретінде тіркелдік. Ғылыми бәсекесіне де сол лестікке түстік. Себебі, өкінішке қарай, 2000 жылдары академия тарап кетудің алдында тұрды. Оның түрлі себептері болды. Ол өз алдына бөлек тақырып. 2003 жылы академия толықтай қоғамдық ұйымға айналды. Қарамағындағы ғылыми институт-

тар министрлікке өтті. Сол жылы «Заман» газетіне «Аспаннан академик жауған күн» деген атпен мақалам шыққан еді. Тарап бара жатып жаратылыстану және гуманитарлық мамандықтар бойынша бірнеше жас ғалымдарды Ресей ғылым академиясының базасындағы институттарға жіберді. Сол кезде, Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері едім. Институт директоры, академик Сейіт Асқаруұлыекі жас маманға ұсыныс жасады. Бірі – мен, бірі – Ақеділ Тойшанұлы, ол отбасы жағдайымен шыға алмай, кейінірек ғылыми диссертациясын«фольклортану» бойынша институтта сәтті қорғады.Сөйтіп,сол жылы «әдебиеттану» саласы бойынша аспирант атандым. Ол кезде «әдебиеттану», оның ішінде «әдебиет теориясы», «мәтінтану» шифры бойынша бізде диссертациялық кеңес жоқ болатын. Өзім профессор Айгүл Ісімақова жетекшілік ететін «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімде қызмет ететіндіктен аталған шифр бойынша қорғауға мүдделі едім.

Мен аспирант атанған Ресей ғылым академиясының филология институты Ресейдегі ең ірі әрі негізгі 3 академқалашықтың бірінде орналасқан. Қаладан 25 шықырымдай тысқары, орманды аймақта ғылыммен айналысуға қолайлы жер таңдалған. Академқалашықтың өз мәдениеті, аурасы ішкі жазылмаған заңдылығы бар. Ойдың, ізденістің аламаны сезіліп тұрады. Сырт қарағаң кісіге мұнда кілең қиял әлемінде қалқып, ой құшағында жүрген адамдар тұратындай көрінеді. Қалашықта тек салалық ғылыми-зерттеу институттары мен бір университет бар. Қайнап жатқан идея мен жаңашылдықтың, шығармашылықтың бәсекесіндей көрінді. Күнде қорғау, күнде пікірсайыстар. Әсіресе, математика, физика, ядролық физика, лазерлік физика, есептеу технологиясы институттарында өтіп жататын ғылыми семинарлардағы тартыстардың жөні бөлек еді. Академиялық ортаның өз заңдылығы да сондай пікірсайыстарда қалыптасатынын кейін білдім. Бір-бірімен мақаламен айтыстатындарды көріп жүргенбіз, академқалашыққа келіп бір пікірге бір кітаппен жауап беретіндерді де көрдік. Кітаппен айтысатындар кейін үлкен ғылыми мектептің негізін құрап жатады.

Иә, ғылыми зерттеуге бөлінген 3 жылды барынша тиімді пайдаланып, тек жеке ғылыми тақырыбымыз үшін емес, ел игілігі үшін де есте қалар дүние жасауды жанымыз қалады. Елден тысқары жүргенде көп нәрсеге басқаша қарайсың. Академқалашықта ғылымның әр саласын таңдаған қазақ және қырғыз жастары жақын араластық. Шетінен парасатты, алғыр. Өзара ақылдасып Ресейдегі Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ-қырғыз жас ғалымдар ассоциациясын құрдық. Оны РҒА-на ресми тіркетіп алғашқы шарамыз Шоқан Уәлихановтың 170 жылдық мерейтойына орайластырып «Этносоциальные и культурологические проблемы Центральной Азии и Сибири» атты халықаралық конференция ұйымдастырдық. Сол атпен 2005 жылы 15 баспа табақтан тұратын ғылыми жинақ шығардық. Сол жинақ әлі күнге дейін сілтеме тұрғысынан ғылыми ортадағы рейтингі жоғары еңбек болып саналады. Осы бастамаларымызға елден сол кездегі Білім және ғылыми министрі Жансейіт Түймебаев, математика институтының директоры, академик, мемлекеттік сыйлықтың иегері Данаев Нарғозы ағамыз үлкен қолдау білдірді. Ал Академқалашықтан белгілі математик, академик Асан Таймановтың ұлы, ресейлік академик Ескендір Асанұлы Тайманов, сол жылдардағы математика саласы бойынша докторант, бүгінде белгілі ғалым, профессор Жамалбек Әлиасқарұлы Түсіпов, қазіргі Новосибирск филорманиясының директоры, ресейлік қандас ағамыз Бейбіт Мұхаммединдер ерекше қолдау білдірді. Ал өзім сол шаралардың белортасында жүргенімді, бірлестікке жетекшілік еткенімді қазір мақтаныш тұтамын.

Жарты ғасырлық тарихы бар филология институты біз барған 2003 жылы «Сюжеттер мен мотивтер сөздігі» атты бір жағынан іргелі, екінші жағынан функцияналдық маңызға ие өте ірі жобаны қолға алған екен. Менің аспиранттық өмірім сол кезеңге сәйкес келді. Академик, институт директоры Елена Рамадановская жетекшілік еткен сол жобаға көптеген ғалымдар тартылды. Жобаның нақты көлемдік шектеуі жоқ, шамамен 100-150 томдық дүние. Жалпы орыс әдебиеттануында аналогы жоқ бастама. Ішкі материалдық жағынан бұл сөздік ресей аумағындағы түркі халықтарының сөз өнері мен орыс әдебиетін толығымен

қамтиды. Осыдан-ақ мұның ауқымын бажайлауға болатын шығар. Өзім осы жоба аясында Б.Егоров, В.Тюпа, Н.Томарченко, С.Бройтман, Б.Хализев, О.Клинг, И.Силантьев секілді теорик ғалымдармен жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болдым. Сөздікті құрастыру әлі күнге дейін жалғасуда. Шәкіртақы тұрмысымызға жете бермейтіндіктен, аспиранттарды осындай кешенді ғылыми жұмыстарға тартып қосымша еңбекақы беретін. Сол игі дәстүрдің арқасында баға жетпес тәжірибе жинақтадық.

– Ресей ғылым академиясының ең жас корреспондент-мүшесіИгорь Силантьев пен алыс-жақын шет елге танымал, еліміздегі белгілі профессор Айгүл Ісімақованың жетекшілігімен Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» әдеби теориялық еңбегі негізінде кандидаттық диссертация қорғадыңыз. Реформатор Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» әдеби теориялық еңбегіне XXI ғасырдың көзімен қарап көрсеңіз. Ұлт ұстазының осы еңбегін жан-жақты қарастырған теоретик-ғалым ретінде кітаптың маңыздылығы мен ғылыми мәніне кеңінен тоқталсаңыз:

– Ғылыми грант иегері атанғаным белгілі болған соң бөлім жетекшісі Айгүл Серікқызымен тақырыпты ақылдастық. Айгүл апай ол кезде алаш ақтаңдақтарын ұлттық әдебиеттанудың зерттеу айналымына қосуға түбегейлі кіріскен болатын. Апай мәселені төтесінен қойды: «Ұлан, Ақаңның «Әдебиет танытқышын» аласың. Осы еңбекті әлемдік теориялық әдебиеттермен иық тірестіре талдап шығасың. Бұл біздің әдебиет алдындағы, алаш арыстары алдындағы борышымыз» деді. Сол кезде бұл сөздің маңыздылығын жете түсінбедім. Бұл еңбектің тереңдігіне, масштабына сол аспираттық жылдары көз жеткіздік. Орыс және әлемдік әдебиеттану контекстін саралау барысында «Әдебиет танытқыштың» қаншалықты кешенді жұмыс екенін түсініп таңдандым. Қазір «Әдебиет танытқыштың» ғылыми ерекшеліктерін қайталап айту ешбір жаңалық емес шығар. Сондықтан, еңбектің жалпы құндылығы тұрғысынан ойымды білдірсем деймін.

Біріншіден, «Әдебиет танытқыш» синтездік еңбек. Мұнда материал мен ұғым синтездігін айтып отырмын. Сөз өнерін танудың әлемдік теориялық өлшемдері таразының бір басында болса, екінші басында халық әдебиетінің үлгілері. Яғни, ұлттық материал мен дүниежүзілік әдебиеттанулық ұғымдар синтездігі.Материал өз топырағынан шыққан соң, әлемдік әдебиеттанулық ұғымдар мен терминдер де соның өніміне айналып кеткен. Ұлттық топырақтың құнарына мойынсұнған.

Екіншіден, «Әдебиет танытқыш» энциклопедиялық еңбек. Әдебиеттанудың жеке терминдік қорынан бөлек, әрбірі өз алдына мектеп болып қалыптасып кеткен жеке-жеке салалары да жетерлік. Олардың санатында әдебиет тарихы, теориясы, сыны, салыстырмалы әдебиет, әдеби дәстүр, стиль, көркемдік табиғаты, мәтін табиғаты, мәтіннің тілдік табиғаты т.б. Осы тұрғыдан алғанда «Әдебиет танытқыш» өнердің табиғатынан бастап, сөз өнерінің жанрлық табиғатына дейінгі аралықты түгелдей қамтыған шын мәтінде бесаспап дүние ретінде де құнды. «Әдебиет танытқышта» аталған әрбір саланың анықтамасы, өзіндік ерекшелігі, салалық кодировкасы қысқа әрі нұсқа айтылған. Демек, бұл еңбек, терминдік тұрғыдан өз алдына, тіпті әдебиеттің салалық түсіндірмесі тұрғысынан да энциклопедиялық маңызға ие.

Үшіншіден, біздің әдебиеттану тұрғысына алғанда «Әдебиет танытқыш» - теориялықпайым, мәтінге қатысты теориялық қисын, өнердің табиғатын тануға қатысты теориялық жүйе қалыптастырудың ұлттық моделін көрсетіп береді.

Төртіншіден, «Әдебиет танытқыш» әлемдік және түркі халықтары сөз өнері контексіндегі саусақпен санарлық үздік еңбектер санатына кіреді. Буало, Веселовский, ағайынды Уэррендер, Томашевский, Бахтин, Жирмунскийсынды т.б. ғалымдар да сөз өнері теориясына қатысты зерттеу еңбектер жазды. Әрбірінің өзіндік ерекшеліктері бар, кейбір салаларда артықшылықтары да жетерлік. Бірақ, асыл сөздің табиғатын танудың зерттеушілік ұстанымын сақтай отырып, халықтық ойлау жүйесін негізге алып, сөз табиғатын танудың шығыс пен батыстық тұжырымдар тепе-теңдігін сақтай отырып, поэтикалық еңбек жазып шығу екінің бірінің еншісіне бұйыра бермеген бақ.

Жалпы «Әдебиет танытқыштың» сол кезде өзіме тек ғылыми мүдде үшін емес, рухани, азаматтық, ұлттық мүдденің тайталасы ретіндегі тақырып екенін кейін

ұғынғандай болдым.

– Сіз еліміздегі бірқатар ЖОО-да жемісті қызмет етіп, әдебиет теориясы мен методологиясынан дәріс оқып жүрсіз. Жалпы болашақ әдебиетші, филологтарға әдебиет теориясын оқыту барысында қандай әдісті қолданасыз?

– Теория өзінше бір тылсым. Ал сөз өнері теориясы өз алдына бір күрделі мәселе. Мұны Л.Толстойдың «Өнер дегеніміз не?» деген белгілі мақаласын оқыған студенттер жақсы түсінеді. Сонда теория өз алдына, оның басты нысаны өнер табиғатыөз алдына бірәлем ғой. Эстетикалық категория, образдылық ұғымдарын сіз ережемен қалай түсіндіресіз. Әуелде мұны талғам түйсігіңізбен сезіне білуіңіз керек. Себебі, бұлар әуел бастан жоқ нәрсенің барлығы ғой. Гегельдің пайымына салсақ мәтінде бар, мағынада жоқ, немесе керісінше.

Қазір көптеген әлемдік оқу орындарында әдебиеттануға кіріспе, өнер теориясы, әдебиет теориясы деген пәндердің орнына өнер табиғатын тану, сөзді сүю, өнерді сүю қисыны, көркемдікті ұғыну тәсілі, әдебиет және талғам деген атаулар жиі ұсынылып жүр. Оның өзі бекер емес. Өзіме осы ұстаным жақын. Әрине, бұл әдебиет теориясындағы базалық тұжырымдарды білмеу керек дегенді білдірмейді. Оны жай білу ешқандай нәтиже бермейді. Сол білімді өнерді сүюмен тоғыстыра білсе, сондай шәкірттерден ғажайып зерттеуші шығады. Бір өкініштісі студенттер кешенді ойлау жағынан кемшін түсіп жатады әрі мәселені соңына дейін апармайды. Заманның ығына жығылып ғылымның таңғажайып сиқырлы әлемінен шығып қалып жатады. Ол әлем бір шығып қалған кісіні қайта қабылдамайды.

Сөйте тұра студенттердің кәсіби зерттеушілерден артықшылықтары көп. Себебі, олар тәуелсіз ойлай алады. Талғамдары шаблондармен шектелмеген. Студенттермен бірлесе атқарған зерттеулер санатында: мәңгілік образдар, оқырман категориясы, салыстырмалы әдебиетке, мәтін поэтикасы, көркем сөздегі авторлық стратегияғақатысты ізденістерді, диплом жұмыстарын мақтанышпен еске алуға болады.

Бүгінде еліміздегі жоғарғы оқу орындарының көпшілігінде «әдебиет теориясы» негізгі пән ретінде жүргізіледі. Көбіне мамандар тапшы. Зерттеу еңбектері ескі әдіснамамен жазылған. Сол себепті, сөз өнерін тануға қатысты кешенді оқулықтарды көбірек шығарудың қажеттілігі бар. Жоғарғы оқу орнында жүргенде теориялық поэтика мен тарихи поэтикаға қатысты оқу құралын дайындауды қолға алдым. Әлі соңғы нүктесі қойылмады.

– Әлемдік әдебиеттанудың даму барысы жағынан қарасақ, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының даму перспективасы қалай жылжып келеді? Кейінгі жылдары әдебиеттану ғылымындағы соны ізденістер деп айтуға тұрарлық қандай еңбектер жазылды?

– Әдебиеттану көркемдік таным сүзгісі. Ал көркемдік танымға дейін өмірдің өзі бар. Демек, зерттеу нысаны үшінші кезеңде ғана әдебиеттанудың қазанына келіп түседі. Одан қайнап қорытып шығаруға да уақыт керек. Бұл жағынан алғанда әдебиеттану ауыр салмақты, байыппен қозғалатын сала. Егер тәуелсіздіктен кейін ширек ғасыр уақыт өтті десек, бұл аз мерзім емес. Осы кезеңдегі үлкен олжаларымыз: ортағасырлық әдеби мәтіндерге жол ашылды, бабалар сөзінің 100 томдығы әдеби, ғылыми айналымға ұсынылды, алаш зиялыларының мұралары түпкілікті зерттеле бастады, әлемдік әдеби-теориялық тұжырымдар отандық мәтіндік талдауларға негіз бола бастады. Осының өзі оңай олжа емес. Әдебиеттанулық үдеріс тек уақыт тезінен іріктелген тұжырымдарды ғана бойына сіңіреді. Бұл тұрғыдан әдебиеттану әдеби үдеріске ұқсамайды. Пікірді тұжырымға айналдыру үшін де уақыт керек. Піспеген тұжырымдар әдебиеттанулық үдерісте уақытша қонақтайды. Ғылыми айналымда мүлде салмағы болмай ығысып қалады.

Жоғарыда тізбелеген олжаларды ғылыми айналымға салып, шәкірттеріне, кейінгі толқын әдебиетшілерге жаңашыл бағыт беріп келе жатқан бүгінгі әдебиеттанушылар санатында Д.Ысқақұлы, К.Ахметов, Т.Есембеков, Н.Жетпісбаева, А.Ісімақова, Б.Ыбрайым, Д.Қамзабекұлы, Қ.Мәдібаева, А.Жақсылықов, Г.Пірәлиева, Н.Ақыш, Б.Омаров, Г.Орда, М.Оразбек, С.Сакенов сынды т.б. аты аталмаған

бірқатар зерттеушілерді бөле-жара айтар едім. Осындай теориялық және салалық дайындығы мол зерттеушілер таптаурын тақырыптардан аулақ болады, ұлттық әдебиетті зерттеуді әрдайым жаңа тақырыптарға бағыттап отырады.


Сөз басында қазақ әдебиеттануының даму қажеттілігі дегенді айтып қалдыңыз. Біздің әдебиеттің ең үлкен байлығы ортағасырлық әдеби мұраларымыз. Біз әлемдік деген сөзге көп үйірміз.Көбінің біздің әдебиетке үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Солармен мақтануға шеберміз. Сөйте тұра өз топырағымызда жасалған ұлы әдеби мұраларды оқи алмаймыз. Оны оқитын мамандарымыз жоқ. Филология факультеттерінде әлі ескі тәсілмен маман дайындаймыз. Араб, парсы, шағатай графикасы, төте жазумен жазылған жауһарларымыз әлемнің түкпір-түкпірде зерттелуде. Біз өз әдебиетіміздің өзіміз жиренгендей әрекеттеміз. Аталған кезеңнің поэтикалық әлемін зерттеу нысаны ету кезек күттірмейтін мәселе. Нағыз рухани жаңғырудың өзегі де сол мәтіндерде дер едім. Өкінішке қарай, біздің әдебиеттануда әлі осы жағы ақсап тұр. Бұл түбегейлі бетбұрысты қажет ететін дүние. Басқалай жағдайда, рухынан айрылған мәтіндерді талдау арқылы рухсыз әдебиеттанулық орта дами түспек. Оған жол бермеу керек.

Екінші, бір жайт әдеби дәстүрлер текетіресіне қатысты зерттеулер тапшы. Әдебиетте дәстүрлі танымдар мен жаңашыл ізденістердің қақтығыстары жиі болып тұрады. Буын ауысу барысында, жекелеген шығармашылық тұлғалардың ізденісі барысында мұндай жағдайлар орын алып жатады. Классицизм мен романтизмнің күресі секілді, бүгінгі әдеби үдерісте де модернизм мен постмодерннің, формализм мен идеялық тереңдіктің, абстракция мен натурализмнің текетіресі жоқ дей алмаймыз. Осындай мәселелер түрлі дәрежедегі / бакалавр, магистрлік, монографиялық т.б./ зерттеулерге тақырып болуға сұранып тұр.

– Биыл Сізге әкеңіздей қамқор болып, шапағатын төккен академик Зәки Ахметовтің туғанына 90 жыл, ал жетекшіңіз профессор Айгүл Ісімақова 60 жасқа толып отыр екен. Ұстаздарыңыздың жас ғалымға берген тағылымы, бағыт-бағдары қандай еді? Зәки Ахметовтей үлкен ғалымның ықыласына бөленген адамның естелігі де әсерлі болуы заңдылық. Зәки ағаның жарқын бейнесін еске ала отырсақ.

– Академик Зәки ағаймен мені марқұм ұстазым Керімбек ағай Сыздықов таныстырды. Керімбек ағай Әуезовтың білікті шәкірті атанған, кейіннен «Әуезовтанудың беймәлім беттері» атты белгілі еңбек жазған аяулы ұстаз еді. Зәки ағай нағыз зиялы еді. Зиялылығы, биік парасаты бүтін болмысынан көрініп менмұндалап тұратын. Әңгімелескенде ұдайы күлімсіреп тұратын. Өзім ол кісінің күлімсіремей сөйлескенін көрмедім. Жүзінен тек сәулелі күлкі көретінбіз. Арман қуып академияға келгенде, Зәки ағай ізденіп жүрген тақырыбым жайлы тәптіштеп сұрады. ТұрағұлАбайұлының аудармаларын талдап жазып жүрген кезім еді. Ағай асықпай оқып, сұрақтар қойып, соңында «Тұрағұл аудармаларын зерттегенің жақсы, әрине. Бірақ бұл саған үлкен тақырып болуға жеткіліксіз» деді де, «абайтану» бөлімінен теория бөлімін бетке алды. Мен соңынан ілесе шықтым. Теория бөлімі қарсы бетте, екі аттам жерде. Ағай артына бұрылып: «Теорияға бір сүңгісең соңы көрінбейді, еркін жүзесің» дегенді айтып үлгерді. Жүзінен мейір төгіп тұр.

Теория бөлімі мені жылы қабылдады. Бөлім меңгерушісі профессор Айгүл апайдың жанына жастар әманда үйір болатын. Апайдың ғылыми қайраткерлік қасиетінің арқасында қайнаған оқиғалардың ортасына сүңгіп кеттік. Айгүл апай бізге пікірімізді ашық айтуға үйретті. «Азамат ретіндегі ұстанымдарыңды ешкімге таптатпаңдар. Еңселеріңді биік ұстаңдар» деп айтып отыратын. Ұлттық мүддеге қисық келетін дүниелерге бірден тойтарыс беріп отыру біздің бөлімнің бір міндетіне айналып кетті. Сол жылдары қазақтың жанды жеріне тиісу белең алып кеткен. Олар: Фараби, Абай, Шәкәрім, оқу жүйесі, мектеп, оқулықтар т.б. Түрлі діни ағымдар аталған құндылықтарды өз пайдасына шешуге тырысатын. Айгүл апай ешқайсысынан да тайсалмай ашық айқасқа шығатын. Апайдың бұл мінезі бізге өмірлік дәріс болып, санамызға сіңді. Бөлімге қабылданған сәттен бастап, А.Байтұрсынұлы таңдамалы шығармаларының бес томдығы, әдебиет тарихы, тәуелсіздік кезең әдебиеті, әлемдік әдебиеттану сынды ірі жобаларға рет-ретімен бағыттап отырды. Ғылым саласында аздаған жетістікке жетсем, онда ұстазым Айгүл апайдың үлесі орасан дер




едім.

– Орта жастағы ғылым өкілі ретінде соңыңыздан ерген жас талап – жас ізденушілердің аяқ-алысына, алғашқы қадамына көңіліңіз тола ма? «Қазақ әдебиеттану ғылымы қартайды» деген пікірге қалай қарайсыз?

– Деректілік тұрғысынан айтсақ керісінше, жасарған шығар. Ал сапалық тұрғыдан бір байлам айтудан аулақпын. Себебі, өзім барлық магистрлік, докторлық қорғауларға қатысып, сараптама жасап жүрген жоқпын. Оның үстіне ғылыми мәтін, жоғарыда айтқанымыздай бірден әлеуметтің талқысынан көрініп жатпайды. Жасарған шығар деуіме себеп, қазір 22-23 жаста магистр, 25-26 жаста PhD докторы атануға болады.

– Әсерлі әңгімеңізге зор алғыс! Шығармашылығыңызға жетістік пен толайым табыс тілейміз!

Елдос ТОҚТАРБАЙ



АЙТЫС ӨНЕРІНІҢ АЙБЫКЕСІ



Қоңыр домбыраның күмбірі мен сөздің сыңғырын түсінгендіктен шығар, әйтеуір алаш жұрты, азуын айға білеген ақыннан кенде емес. Кешегі өткен заманда сол ақындар «сөз сөйлемен сыйынбай» деп пір тұтқан – Сүйінбай, Жыр алыбы Жамбылдардан бастау алатын айтыс өнері күні бүгінге дейін сол биік тұғырдан тайған жоқ. Керісінше баяғысынан да тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей жұмырланып, өткірлене түскен. Десек те, сол іші алтын, сырты күміс сөз сарасын қиыннан қиыстырып жүрген айтыскерлер арасында Айнұр Тұрсынбаеваның шоқтығы биік.

Сөз барымтасында «алдынан келгенді тістеп, артынан келгенді теуіп», шашасына шаң жуытпайтын шын жүйріктігенен де шығар, «бір өзі 35 көлік мініпті деген» аңыз атқа ие болып жүргені. Тамыз айының соңғы он күндігінде Түркістан жұрты дүр сілкінді. Себебі екімыңжылдық тарихы бар шежірелі қалаға сонау арқадан арнайы ат арытып атышулы ақын Айнұр ТҰРСЫНБАЕВА келді.

СҮР ЕТ, САРЫ САМАУРЫН...

Жалпы, Айнұр турасында оның айтыскерлігінен де бөлек айтарлық нәрсе өте көп. Себебі ол – жарық жұлдыз, жан-жақты тұлға. Кезінде көрермен көгілдір экран арқылы «Айнұр Балғынбекке былай жауап берді, Жандарбекті былай тұқыртты» деп, айтысты қалт жібермей көріп, оның әр сөзін жаттап алатын. Содан кейін заман дамып, әлеуметтік желі алға шыққан тұста қарасақ, Айнұр онда да топты жарып алға шықты. Бірде қарасаң, қазы мен қарта, жал-жаясы жайнаған, астау толы сүр етті ортаға алып Астанаға көшіп келген әлдебіреуге ерулік беріп жатады. Енді бірде өрік-мейіз, тәтті бәліш дейсіз бе барлығын самсатып, сары самаурынды сақылдатып қойып

құрбыларымен шай ішіп отырады. Сонда, «шіркін-ай, Айнұрдың асханасынан» дәм татар ма едім?!» деп еріксіз тамсанасың әрі Арқаға барған жұрттың Айнұрға соқпай шығатыны кемде-кем бе деп қаласың. Яғни, әлеуметтік желі бізге Айнұр Тұрсынбаеваның ақындығынан да бөлек саусағынан бал таматын аспаздығын, қазақтың қонақжайлығын бойына сіңірген керемет жан екендігін ашып берді. Жалпы, Айнұр Тұрсынбаева осындай іс-әрекеттерімен қысы қытымыр Солтүстікте тұрып та Оңтүстіктің ашық-жарқын жаймашуақ мінезін жоғалтпай, қарапайым үйді қара шаңыраққа айналдыруға болатынын дәлеледі.

АЙНА АЛДЫНДА...

Бұл бірақ сөйтсек, Айнұр ханымның кезекті бір қыры ғана екен. Ол кісінің біз білмейтін қыр-сыры әлі алда ма деп қалдық. Себебі Айнұр біртіндеп қыз-келіншектерге



сұлулықтың құпиясы жайлы сыр шерте бастады. Қандай сықпамайды қалай жағу керек, нені жақсы беттің әрі кіреді, тіпті қымбат крем болмаса да асүйде бармен қалай маска әзірлеуге болады деген сұрақтарға жауап алу үшін қыз-келіншек біткен Айдың нұрының әр постын жібермей оқып, тікелей эфирін тағатсыздана күтетін болды. Мұны екі деп қойыңыз.

АДАМ ӨМІРІНЕ АРАША...

Содан күндердің бір күні әлеуметтік желі шу ете түсті. Кішкентай сәби дертті болып, ата-анасы қаражат таба алмай қиналып кетсе керек. Содан оның дабыры Айнұрға да жетеді ғой. Айтулы айтыскер ана емес пе, әлгіні естігенде жүрегі



елжіреп, өзінде барды беріп қоя салмай, өзінің сан мың оқырманына үндеу тастап, жүрекке жететін сөздерін арнап, содан не керек, ел-жұрт болып әлгі балаға кәдімгідей қомақты қаржы жинады да берді. Міне, сөздің, жанашырлықтың, танымалдылықтың құдіреті?! Айтпағымыз Айнұр Тұрсынбаева қайырымдылық жасап, сауапты істің басынан да көріне білді. Көрінгенде, көзге түсейін деп істемеген болар, бірақ ел-жұрттан ашық көмек сұрауға арланбай, әлдекімдерге ұқсап жалған намысқа салып, тартынып қалған жоқ. Есесіне бір адамның өмірін құтқаруға мұрындық болды.

БИЗНЕС-ЛЕДИ...

Байқап отырған шығарсыздар, Айнұр Тұрсынбаева баяғы айтыскер ақын деңгейінде қалған жоқ. Ол өзі де байқамай, қоғамдық істердің бел ортасына кірісіп кетіп, қайраткерлік деңгейіне көтеріліп

келеді. Содан оған телеарналардан да ұсыныс түсе бастаса керек. Қазақстан Ұлттық телеарнасындағы «Бақытты әйел» бағдарламасының бір бұрышынан орын бұйырыпты бір күні. «Айнұрдың асханасы» деген айдар бойынша әр түрлі адамдарды шақырып, олармен бірге қазан



көтере жүріп, әңгіме-дүкен құрып үлгеруі тиіс. Өзіне артылған бұл міндетті де Айнұр әжептәуір алып шықты.

Қоғамға қызық тұлға болған соң да шығар, Ләйла Сұлтанқызы оны өзінің жеке авторлық « The Эфир»бағдарламасына шақырды. Сөйтті де, «Сіз осы кімсіз, Айнұр ханым?» дегенге саятын «Сіз осы өмір сүруге керек ақшаны қайдан аласыз? Тікелей кіріс көзіңіз қандай?» деген сұрақты төтесінен бір-ақ қойды. Сөйтіп еді ақын емес пе, ақын болғанда да суырып салма айтыскер, өзінің қырыққа келсе де, тұрақты жұмыс істеп көрмегенін, табыс көзі анда-санда болатын айтыс пен той екенін жасырмай айтып салды.

– Мен негізінде ақшаның соңына түскен адам емеспін. «Маған осынша ақша төле, әйтпесе жасамаймын»деп әлі күнге ешкіммен саудаласып көрмеппін. Олай айта да алмаймын. Бірақ мені жұрттың көбі бай деп ойлайды. Себебі біздің қоғамның түсінігі сондай – сен танымалсың ба, демек сен байсың дейді. «Неге бөліп бере салмайды, неге қайырымдылыққа жұмсамайды?» деп өкпелейтіндері содан, – деді ол.

Бірақ негізі Айнұр ақшаға зәру адам емес. Біреудің қалтасын санағанымыз емес, бірақ оның кейінгі кездері желілік бизнеске бел шеше кіріскенін айта кетуіміз керек. Себебі оған көп қыз-келіншектер «Айнұрды көрсек, лебізін естісек» деген арманмен де қосылатын көрінеді. Солайша қазір бір кездегі айтыскер ақын соңынан мың қаралы қыз-келіншекті ерткен «бизнес леди» болып шыға келді. Бұл да болса оның Тәңір берген ризық-несібесінен болар. Және Айдың нұрының қарап жатпай, қарекет жасап, өзін жан-жақты сынап, өмірлік соқпағын іздеген ізденісінен де ғой. Дәл қазір депутаттыққа түссе де, мына қалпымен ол қажет дауысты ойланбай жинағалы тұр. Бірақ, ол өзі жайлы сұхбатында былай дейді: «Ел-жұрт айтысты менің күнкөріс кәсібім, өнерім деп түсініп қалуы мүмкін. Бірақ шын мәнінде айтыстың орны мен үшін одан да биік. Айтыс – менің өмірім. Айтыскер ақындардың бәрі менің отбасым секілді. Және түптеп келгенде менің күн көретін, табыс табатын көзім сол домбыра мен айтыс, ақындық өнер деп айту керек шығар. Мен айтыссыз өмір сүре алмаймын» - деді.

Бұл – сірә, Айнұр Тұрсынбаевадай сан қырлы талант иесінің ақындық жүре келе қалыптасқан машығы емес, анадан саф алтындай ақындық өнерімен туғанын айғақтайтын сыры да, шыны да болар...

Мәриям ӘБСАТТАР,
Түркістан қаласы



ЛЕРНЕ

Несіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ,
журналист-жазушы, Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

РАМАЗАН-СЫР

ӘНІН ЕЛІ ТЫҢДАҒАН РАМАЗАННЫҢ ҚАЗАҚ ӘНІНІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ ТУРАЛЫ ОЙ–ТОЛҒАМДАРЫ БӘРІМІЗДІ ОРТАҚ ОЙЛАСУҒА ШАҚЫРҒАНДАЙ



– Ән өнері жайлы жоғарыда салмақты ой тастадың-ау, Рамазан. Соны ел болып құлаққа ілсек қандай ғанибет!

– Айтқан әнімнен де бағалы сырым осы, аға!

– Жарайды, жарайды... Жаңа ғана сен Абайға жүгіндің ғой. Сөз өнерінің аласармас Алатауының өз әндері де, ақындар атасының сөздерінен жан дүниелері еріксіз тербелген сазгерлердің әндері де баршылық. Сенің орындауыңда солардың біразын естідім. Есіңде ме, бір кездескенде: «Рамазан, мына әндер де, оларды сенің орындауың да ғажап екен. Абай әндерінен жеке бір концерт берсеңші!» дегенім? Жалпы, Абай әндеріне қалай келдің? Не құдірет сені Абай әлеміне жетелеп апарған?

– Сөз құдіреті, ән құдіреті, аға! Абай әндерін бала кезімізде ауылдағы қара табақ радиодан еститінбіз. Мектепте оқығанда да Абай ғұламаға онша орала бермеппіз. Оқу бітіріп, Алматыдағы студияға келдім. Қайрат ағаның сабағынан шыға сала Жәнібек ағаның сабағына жүгіреміз. Екеуінен де ештеме қалдырмай тыңдағымыз келеді. Бір күні Жәнібек аға бәрімізден «Абай жолы» романы жайлы сұрап қалды. Отырған балалардың бәрі жерге қараймыз. Романды талдап айтып беретін бір бала табылмады. Жәкеңнің өзі шығарманың тереңіне түсіп айта бастады. Сол романдағы Ерболдың тұқымы екенін де айта кетті. Бұл әңгіме бірнеше сабақ бойы жалғасты. Онымен қоймай, Абай әндерін орындап, санамызды шайдай ашты. Абай ата жайлы мектепте оқығанымыз жайына қалды. Жәнібек аға бізге Абайды қайтадан, жаңаша ашты. Абай өлеңдерін оқуды, әнін тыңдауды қайта қолға алдық. Солай-солай жақындай бердік Абай әндеріне... Сыдық Мұхамеджанов, Әбілахат Есбаев ағалар жазған әндерді іздеп тауып, қайта тыңдадым. Кейіннен Тұрсынжан Шапай аға «Абайды сағыну» атты циклмен тамаша әндер жазды. Соның жетеуін орындап, таспаға жаздырдым. Абай ата өлеңіне

жазылған С.Мұхамеджанов пен Ә.Есбаев әндерінде де, бүгінгі Т.Шапай әндерінде де осал тұс жоқ. Өміршең, кез келген әншінің тыңғылықты даярлықпен барып қана орындайтын өресі биік әндер. Көбіміздің Абай әндерін орындауға бара бермейтініміз – ғұлама ойшылды терең білмегендіктен. Абай атамыздың сөзіне жазылған жалаң ән жоқ. Абай әндерін қара өлең секілді сөзін ауыстырып айта алмайсың – буыны келмейді. Демек, ол кісі өз заманынан, өз кезеңінен, өз өмірінен алған өлеңдерінің



әр жолын, әр шумағын болашаққа аттандырған ат арбаға шегемен шегелеп тастаған!

...Алақандай шелпек табақты компьютер көмейіне тағы тоғыттым. Жайлы, мұңлы, жұмсақ саз жан-жағымды қоршап, ауа орнына тәтті мелодия жұта бастадым. Дереу оған Рамазанның дауысы қосылды:

«Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол,
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп болдым ғашық,
Мен не болсам болайын, сен аман бол!».

Ғажап! Абайдың сабыры, Абайдың салмағы, Абайдың талғамы, Абайдың толғауы! Саз бен сөз! Екеуі мың градус ыстыққа ұсталған ерітінділердей жымдасып, тұтасып, ұлы ғаламға қанат қақты да кетті. Мені де ала кетті... Шумақтың соңғы екі жолын даусына жаңағыдан да қою ынтазарлық қосып қайталады Рамазан:

«...Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол!».

Қайран, Рамазан! Жоқ, қайран, Абай! Шіркін, Тұрсынжан! Айналайын, Рамазан! Абай атамыздың өзі Тұрсынжан жазған ән арқылы Рамазанға «менің сырымды, мұңымды, махаббат мұңын қазаққа осылай жеткіз!» деп батасын беріп тұрғандай, шарасыз толғанасың, ән әсерінен жан дүниең астан-кестең болады... Рамазан болса Абай ата өсиетіне берік әнші, келесі шумақты бұрынғыдан да ынталы жүрекпен жалындата жырлайды:

«Көңілімнің рақаты сен болған соң,..
Жасырынбан нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!».

Ән басталарда ұшып шыққан алғашқы саз-дыбыс домбыра шанағына ентігін басып қайта оралды. Айтарын айтқан Абай атам да сабырына оралып, шапанына қымтана оранып, орнына отырды. Рамазан ғана аттан түспейді. «Ғашықтық құмарлықпен ол екі жолды» оқымаған, тыңдамаған ұрпақ қаншама қазақта! Жаңа ғана әндерімді соларға жеткіз деп Абай атасы ишарат жасағандай, Рамазан келесі ауылға аттануға дайын тұр.

– Абай әндерін қазақтың қабылдауы қандай, Рамазан?

– Үлкендер жағы ұйып тыңдап қалады.

Ағалардың аузы аңқаяды, жеңгелер жанарларына жас үйіреді. Концертке әжелер келсе, жаулықтары көздерінен кетпейді. Шалдар сол отырған жерлерінде шегеленеді де қалады... Абай ғаламат қой, аға! Тұтас ұлтты қара сөзбен үшінші ғасыр бойы тапжылтпай тәрбиелеп отыру деген құдірет емей немене?! ...Жастар жағы толғандырады. Ілуде біреуі болмаса Абай әндеріне балқыған балғын жүректі көру арман-ақ боп жүр.

– Жарайды, Рамазан! Өкіністен өртене бермейік. Абай атамыздың өлеңдеріндегі өкінішінің өзі тұтас қазақты әлі күнге ah ұрғызып отырған жоқ па. Бала өсіріп, немере бағып отырмыз ғой, олқылықтың орнын Абай өсиеттерін соларға сіңіріп толтырайық. Қазақтың әнші келіні Ұлту екеуің де немере иіскеген шығарсыңдар? Пау, шіркін, 25-тің сол бір жалынды кезеңінде қандай әндерді айтып тұсадың екен сұлуыңды?! Ұлтужанды өнер адамы ретінде аса жоғары бағалаймын. Шаңырақтарыңдағы ұл-қыздарың, немерелерің арасынан «Орындарыңды бізге беріңдер!» деп тұрғандар жоқ па, өзі?

– Сәнге емес сезімге түсіп атын, қалыңсыз қызын беретін заман еді ғой ол кез, аға! Әнмен жолдаған сәлеміме әнмен жауап берген осы келініңізге құрығымды құлаштап-ақ лақтырдым, аға! Бала-шағалы болған кезде мен сол өнер сапарынан босамадым. Ұлту балаларды өсіріп, арасында оқуын оқып, әнін балаларына айтып, бәріне шыдады. Аналарымыз айтқан өсиетке адал болды, қазақтың дәстүрлі қара жолынан бұрылған емес. Сахнаға шығуды кеш бастады. Бүгін балалар өсті, ел аралап бірге жүрміз, аға!

– Стамғазиевтер, Стамғазиевалар...

– Балам Олжас та, қызым Перизат та өнерден құралақан емес. Екеуі де домбыра тартып, өлең айтады. Бірақ өнер жолын қумады. Неге деп бір сәт өзімнен өзім де сұраймын. Білесіз бе, аға, олар көздерін тырнап ашқалы «өнер адамдарының» шын өмірін түбінен көрді: басымызда үй жоқ, пәтер жалдап, кісі есігінде көп жүрдік. Аядай бір бөлмеде тұрамыз, өнер адамдары жиі бас қосамыз ғой, қонақ келсе тездетіп сабағын оқытып, көршілердің біріне апарып тастаймыз. Ән айтылып, күй тартылады, оларға ұйқы бермейміз. Таңертең мектебіне барады. Көбінесе апарған үйлерімізде ұйықтап қалатын. Осыны – бірде бар, бірде жоқ дүниенің бәрін көрді бізбен бірге. «Ата-анам басынан кешкен әртістің өмірі осы болса, рахмет!» деп өнер жолын қумады ма деп те ойлаймын. Қазіргі алған мамандықтары жаман емес, немерелер өсіп келеді. Бекарысымнан бірдеңе шыға ма деймін, өзіме жақын, айналсоқтап қасымнан кетпейді... Маған да әншілік бес-алты атадан соң келіп қонған секілді ғой, байқасам.

– Тілекшіміз, айналайын! Перизатының маған сыйлаған ән-табағыңнан «Қос шырақ» деген әнді орынданын естідім. Тамаша! Ұлтужанның «орынбасары» дайын екен. Ал өзіңе Бекарысың бар, әлі жассың, өзге немерелерің бар «ата, үйде отыр, әнді біз айтамыз!» дейтін күн де келер аманшылық болса. Сол кезде көнбегеніңді көрсе ғой, шіркін!

– Солай да бола ма?! Ой-хой, Арман-ай, ондай күндерге де жетер ме екенбіз?

– Әлі-ақ, Рамазан! Несіпбек Айт ағаң сөзін жазып, әнін Тұрсынжан Шапай шығарған «Арман» әніндегі секілді ол күндер де әлі-ақ жетіп келер... Жазбай ма Несіпбек: «Жастық шақ нөсерлетіп тез басылған...» деп. Ал «Күз келіп, омырауын алтындаған...» дегені қандай ғажап?! Жалпы осы Несіпбек – Тұрсынжан – Рамазан қазақтың ән өнерінің күміс бір кезеңі болды-ау осы?! Ат басын осы тақырыпқа бұрсақ қайтеді? Бұл тақырыпты да мен әдейі сырласуымыздың қол бұлғар тұсына қалдырып отырғанмын...

– Бұл мен де күткен тақырып. Сағынып та отырғанмын...

– Ал мен сол сауалдардың жауабын естуге асығып отырмын. Бір кезеңнің төлі болсақ та осы Тұрсынжанның табиғатына таңдануым таусылмайды. Тұрсынжан Шапай ғажап құбылыс-ау өзі?!

– Оныңыз рас, аға! Тұрсынжан ағамызды көп досы Түкем сал деп атайды. Шынымен бойында ана заманның сарқыты бар жан. Сері десеңіз, сері, сал десеңіз сал азамат. Өте көп біледі, бірақ шешіліп айта бермейді, керісінше, көп тыңдайды. Ал тиегін ағыта алсаңыз ағыл-

тегіл төгеді кеп. Жазушылығы, әдеби сыншылығы қандай! Сазгерлігі ше? Түкем салдың Абайтанушылығы мүлдем бөлек! Қоғамға көзқарасы, өмірге сүйіспеншілігі таңғалтпай қоймайды. Арамызда аман жүрсе екен деп Алладан күніне жүз тілеп қоямын.

– Тұрсынжанның әндеріне келейікші, Рамазан. Тұрсынжанды бір адамдай білемін деп жүрген менің өзім оның әндерін естігенде естен танғандай болған күндерім әлі есімде. «Арман», «Дариға-дәурен», «Сәуле-ғұмыр», «Қарасаз», «Қаз қайтқанда»...

– Түкем салдың осы және өзге де әндері қазақ әнінің XXI ғасырдағы шыққан бір биігі болды, аға! Әсіресе Ақан, Біржан, Әсеттерден соң, Шәмші ағамыздан кейін сазды әнге шөлдеген қазақ жұрты Тұрсынжан әндерімен шөлін бір басты-ау деп ойлаймын. Тұрсынжан аға бұларға қоса үлкен өнер жанашыры. Мысалы бүгінде мен айтып жүрген «Қос қоңыр» әнін сол ағамыз тауып әкелді. Сөздерін де қадағалап, өзі түзеп берген. Бұл, әрине, халық әні, әлгі «Екі жиреннің» үшінші, төртінші түріне жатады. Енді Тұрсынжан ағаның «Абайды сағыну» атты топтамасының аясында Абай атамыздың сөзіне жазылған әндері бір төбе, ғажап, ғаламат! Жеті әнін орындап, таспаға жаздым. Бәрін айта алмадым. Тұрсынжан аға ән жазарда жеткен биікке мен шыға алмадым... Әндерді тыңдаған, Абайды бағалайтын жұрттың пікірі жоғары, аға! Ішінде сіз де барсыз.

– Рамазан! Тұрсынжан – Несіпбек – Рамазан үштігі қазаққа тағы қандай ән шашу жасар екенсіңдер. Мұны күткен миллиондардың бірі менмін!

– Арманыңыз орындалады, аға! Сол өзіңіз құлай сүйген «Арман» секілді ән туып қалар бұйыртса. Жоғарыда есімдері аталған ағалар аман болсын!

– Сен де аман бол, Рамазанжан! Той жасап, төгілте ас берген күндерді былай қойғанда, қиындық-қайғысы қатар қабырғаны шытынататын жылдар белесінде де әніңді батыл айтып, ел еңсесін түсірмеген сен секілді қоңырау үнді әншісінен айналдық қазақтың! Аталардан, ағалардан жалғасқан ән өнерінің дүлдүлі, алтын дауыс, арлы мінез, тұма тағдыр иесі СЕН аман жүр, айналайын! Арманның аяулысы да осы, Рамазанжан!

* * *

...Үнтабақты компьютер көмейіне тағы тоғыттым. Армансыз сырласқан Рамазанның орындауындағы «Арман» әнін сағынып қалыппын. Сол ән арқылы күллі қазақтың құлақ құрышын қандырып, ән-арманын орындап жүрген, елі тыңдаған Рамазанның ән әлеміне шомылып, басынан тағы да бір сипап, маңдайынан бір сүйгім келген. Өзімше ақын болып, тіл ұшына келген мына ұйқастырды қайталап қоямын:

Тұрсынжанның «Арманы-ай», Несіпбек сөзін жазғаны-ай, Рамазан шырқап салғаны-ай!

...Сұңқарша ілген саусақтардан босанған бетте домбыра ішегі дүр сілкінді де, ары қарай біркелкі дірілге ұласып, ұзақ тербеліп тұрып алды. Жаныңды мұзға қарып, отқа салған, түнеу көк күмбезіне дейін көтеріп, одан түпсіз шыңырауға тастап жіберер мұңды да арманды үн осы кезде барып төгілді шанақтан: «Та-та-там, та-та-та-та, та-та-тата-та-та-а-а...». Домбыра көкірегінен өксік аралас шығып жатқан өрттей әуенге сахнадағы әнші демін ішіне тартып қосыламын дегенше, орнымызда отырып-ақ, мен және мендей арманын аялаған мың көрермен, қосылып кеп кеттік:

«...Аққудың көз жасындай көлге тамған,
Жанымды тербетесің шерге толған,
А-ай, Арман-ай!».
Рамазан әнші содан кейін барып шарықтата шырқады:
«Атқан таң, шыққан күндей жайнап алдан,
Дариға, алтын дәурен қайда қалған?!
А-ай, Арман-ай!».

Несіпбек ақын жазған жүрек қанындай сөздер ән кірпігіне моншақтай тізіліп, жан пернемізді кезек басып, баяу сырғып барады мәңгілікке.

Тұрсынжан сазгер кең ғаламнан тарыдай теріп алып, бір арнаға басын біріктірген ғаламат та құпия дыбыстардың ерітіндісін алтын тостағанынан сіміріп отыр едік осы кез ән тыңдаған сіз бен біз.

Әннің аты – «Арман». Аты да арман, заты да арман, айтпағы да арман, тілері де арман. Уай, шіркін, арман-ай!

...Рамазан даусын көкке ұшырып, өзі соның соңынан қараған сайын біз бұл құдіретке шыдамай, төмен қараймыз. Әннің тұла бойындағы тербелісі ғаламат. Әнші даусын ғана айтпаймын. Бұл сәтте даусын бұлтқа жеткізген Рамазанның өзі ән әуеніне тізгіндеулі. Ешқайда кете алмайды, кетпейді, кеткісі де келмейді. Кең дүниедегі небір ғажап үндердің ең бір мұңлыларын гүл етіп буа алған Тұрсынжан-сазгердің әр қайырған сайын көзіңе жас мөлдіретететін әуеніне Несіпбек ақынның естіген сәтінде ішек-қарныңды ақтарардай ащы ақиқат сөз сыр-арманы қосылғанда, ішкі дүниеңде болатын жарылыс кеуде күмбезіңді паршалай жаздап, «Мұнда келіп нем бар еді, бұл әнді тыңдап нем бар еді?!» дегізіп, шоққа шыжғырады. Тіпті шыдау мүмкін емес. Тек әнді әншімен, ғаламмен іштей бірге айтып қана сезімсіз атанудан аман қалуға болады:



«Жастық шақ нөсерлетіп тез басылған,
Өткен соң қайта оралмас өз басыңнан!
А-ай, Арман-ай!».

Тұрсынжан мен Несіпбек ән мен сөзді сәтінде жібек көйлек кигізіп мүсіндеді. Енді оны Рамазан алдымыздан желпілдете өткізіп, өзі де үздігіп, тіпті тұншығып, бізді де сиқырлап, әр жүректен арман іздеп, әр кеудеге арман егіп әуре. Бұл біз үшін ғана. Ал үкілі үштік жан қуаттарын, сезім арналарын қосып жіберіп, көбімізге бас имейтін, мойын бұрмайтын нағыз арманмен тілдесіп жатқандай...

Әнші даусы небір құдіретті ноталарға қонақтап, шырқап бара жатты да кенет сорғалап төмен құйылды. Сазгер әннің бұл тұсын таза алтыннан құйған екен: еріген алтын не ағуға асықпайды, не лезде қатпайды, баланың еңбегіндей былқылдап, толықсып тұрып алады емес пе?! Ақынның осы ғаламатты сезінуі қандай – сазгердің сезім теңізіне шомылып шыққандай ширатады қайырма сөзін. Оны Рамазан айнақатесіз жеткізеді:

«А-ай жалған,
Арман-арман,
Аққудың көз жасындай көлге тамған,
Жанымды тербетесің шерге толған,
А-ай, Арман-ай!».

Сұмдық! Адам баласы көрмеген аққудың көз жасын көріп тұрған ақын, сол сөзді саз ыдысына төкпей-шашпай сыйғыза алған сазгер, сол ыдыстан әр арманды жаңа дәм татыра алған әнші – мына миға сыймас құдіретті сәт өңім бе, түсім бе дегендейсіз сәтінде Сіз де басыңыз айналып.

Әннің қайырмасы екінші қайырылғанша ән-азаппен бірге теңіздей толқып, қазір-қазір үзілетін әуенмен бірге кетердей боп отырған тыңдарман әнші «жанымды тербетесіңді» айтып тыныс үзген сәтте ғана өз әлеміне қайта оралып, бұл сәттің тек әнге ілесу, сені баурап алған әннің құдіреті ғана екенін түсініп, тәубе дейді. Біреу әлгі «алтын дәуреннен» тез шығып қалғанына разы... Ғұмыр аяқталған жоқ, ән аяқталды. Оған да мың тәубе!

Ән аяқталғанмен, сезім-әуен сені өз құрсауынан босатпайды. Құлақ құрышың арқылы жүрекке жетіп, қанына қосылып кеткендей, тұла бойыңды аралап жүреді де қояды. Ғұлама ми әр жұмсаған сәтінде ол санаға соғып, мың сұрақ беріп кетеді, аралап қайта бір келгенде жауабын да ала келеді. Міне, міне, сол жауаптарын тағы да

сыбырлады:

«...Бұл – XX ғасырдың соңындағы қазақ арманы. Ұлт арманы. Дархан даладан үдере көшіп, тар көше, тұйық қалаға тығылған, тас қабырғаға қамалған, содан қанша тыпырласа да шыға алмаған қала қазағының арман дауысы, арман



әні. Телефонмен жұмысын бітіріп, теледидармен тамақтанып, компьютермен бала таба беретін жартылай адам, жартылай жануар боп бара жатқан адамзат баласының болашағына қазақы көзқарас. Ен даланы, шапқан атты, жайлауды, бесік пен құрт жайған өрені, ақсақал алды мен әже кимешегін аңсау, оның енді келмеске кеткенімен келісе алмау, сол үшін ширығу, тас қабырғаны баспен соққылау, тас көшені табанмен тепкілеу, булығу, еш қайраны жоқ болашақтан жарылардай болған соң, ішкі күшке, ішкі ағынға жол беру... XXI ғасырдың соңындағы қазақтың арманы қандай болары бүгін мен елестете алмаймын. Елестетуге қорқамын да. 2099 жылдың күзгі бір кешінде Тұрсынжан – Несіпбек – Рамазан бас қоса қалса, қазақ аспанына қандай Арман әні қалықтары ғарыш болашағын болжаудан да қиын. Соңғы

25 жылдағы өзгеріс мынау. Енді жүз жылдан соң Қазақтың жаны қандай қауызға сыярын ең құдіретті кибернетика да есептеп бере алмас, берсе оны тек Тұрсынжан – Несіпбек – Рамазан секілді заманынан аса туған ұлдары ғана сезім айнасына теріс түсірер. Оң етіп оқу ойлы қазақтың өз қолында. Шіркін, «Арман-ай!». Сол күнге иненің көзіндей ғана саңылаудан жанар тастар ма еді?! Е, арман ғой!

Бұл пенделік арман әні де. Ана құрсағын жарып шыққанда түк ойлатпай, мұңсыз еткен Құдірет бала күндеріңді бал толы бөшкеде өткізіп, ержеткізіп, өз тізгініңді өз қолыңа берген күні-ақ басыңа ой салып, иығыңа жүк артып, жүрегіңе махаббат ұялатып, осы үш салмақты да ғұмырыңның соңғы күніне дейін кенедей жабыстырып, кешегі бал жалаған күніңе де, мәнсіз, бірақ мұңсыз балдырған дәуреніңе де жібермей, мәңгілік тұсағанын сезгенде, астына от жаққан табаға салған балықтай шоршып, ауыздығын қаршқарш шайнап, тізгінін жұла қашқан тұлпардай, бірақ қара жердің екінші қабатына жеткізіп қаққан қазыққа байланғандай, тырп ете алмаған кездегі Арман әні болар ма? Ол күндерді қара жер басқан әр қазақ бастан кешірсе, соны біздің атымыздан Тұрсынжан – Несіпбек – Рамазан жариялап жатыр екен-ау...».

Бір құдірет құлағыма сыбырлайды... Сыбыр ғана емес, сыр. Сыр емес... сурет. Сүйкімділер суреті:

«Тұрсынжан – мол қазыналы, сезімтал, нәзік азамат. Тастан тесіп шығып жатқан бұлақ суы, суалмайтын ыстық қайнар, тарамайтын бу, үзілмейтін ән, қанша саусаң екінші ұшына жете алмайтын жібек жіп, күмбірлеген домбыра, күңіренген қобыз, кең тыныстық қазақы жан дүние, бояуы зарлы, мазмұны арлы, шыңдары қарлы, жаны нұрлы өнерпаз, тот баспас алдаспан, қолына қалам-найза ұстаған жауынгер, үлкенге іні, кішіге ілтипат, жібектей жұмсақ, сүттей ақ, судай таза, қоңыраудай сыңғырлы өрен, өзін осы бір кезеңде қазақ әнінің отын маздатсын деп Жаратқанның өзі кекілінен сипап аттандырған қоспасыз талант!

Несіпбек – борандатқан, нөсерлеткен

ақын, аласа бойлы, биік ойлы тұлға, абыз дала, қобыз дала шайыр, шапқан аттай, атқан оқтай құбылыс, Кермиықтың ұланы, Жерұйықтың ұлы, көшкен елдей, аққан селдей дүлей, бір көрсең биікке шырқап ұшар қыран, енді бір сәт қанаты жоқ, қалып бара жатқан мұңлық, ананы хан көтерген, әкені бас уәзір еткен, бауырды жарыстырып, ағаны табыстырған елші, ғұлама тарих, ғасырында бір-ақ рет қайталанатын ақын, адамзат тағдырына:

«Кім жұтпайды алдыңғылар шөлін мәңгі
қандырған
Сиқыр дүние қолындағы у құйылған құтыдан?!» –
деп баға берген әулие, ол – Несіпбек ақын, қазақтың Сөзбиігі!

Рамазан – қазақтың алтын қоңырауы, қазақтың ән-дауысы, шыр еткен бейкүнә нәрестe үні, жұлқынған жігіт жігерінің күркірі, егделіктің егілген мұңлы өкініші, адам біткеннің арманын талмай жырлайтын аяулы үні, қазағыма Құдай бере салған ән-тұяқ, Әміресін, Жүсіпбегін, Манарбегін жоқтатпасын деп, Жәнібегін жоғалтқан қазаққа Қайратпен бірге қосқанат болсын деп, Еркін, Нұржан, Тілеулес, Дәуренбек, өзге де қазақ көгіне ән болып ұшамын деген бауырларына жымыңдаған жұлдыз боп, жер биігіне шақырып тұрар асыл-ақық, ән-домбыра!».

Осы үшеуін бір кезеңде қазаққа тетелес етіп бере салған Жаратқанның құдіретіне күніне жүз жығылып, тәу етсек аз болады-ау деген ой мазалайды мені...

Тағы да сыбыр. Жоқ, бұл сыбыр емес, енді сазды үн естіледі құлаққа. Тамаша! Рахат! Сол «Арманның» домбыра мен Рамазан дауысы араласқан сиқырлы үні. Сиқырлы дауыс! Сиқырлы ән! Сиқыр ғұмыр! Сиқыр ақын! Сиқырлы сазгер! Сиқыр әнші! Сиқыр сөз:

«...Айналған айдынында жалғыз аққу,
Адасқан әнім бе едің, қайран арман?!
А-ай, Арман-ай!».

Ән сиқыры! Әнші сиқыры! Сазгер сиқыры! Ақын сиқыры:

«...Армандай ару құсым, айналайын,
Мөлт етіп тұна қалған көз жасыңнан,
А-ай, Арман-ай!».

Сиқырлы әннің соңғы нотасы ауада еріп жоғалған сәтте, құлақта және жүректе қалған жаңғырығы өз құдіретімен тізеңе тұрғызады. Қара жер басқан жеті миллиард адамның 50-60 жастағылары күн сайын дерлік бірауыздан «Шіркін, жастық, өттің-ау, ой, арман-ай»! деп жалын ата күрсініп жүрсе, оны сиқырлы үштік – Тұрсынжан, Несіпбек, Рамазан – екі шумақ сөзге сыйғызып, бәріміз үшін аққу қанатындағы әнге байлап жіберіпті-ау! Жан сарайының қақпасын кеңірек ашып, құлақ күйін келтірсең, бұл әнді күн сайын естуге, бірге қосыла айтуға болады екен-ау. Ол үшін сөз шығын жасап та керегі жоқ. Әрі осы ән – «Арман» – ішке бір түскен соң жалыны сөнбейтін, бояуы солғын тартпайтын, құдіреті кемімейтін ән-арман екен-ау. Тұрсынжан – Несіпбек – Рамазан осы бір сиқырлы әнмен бәріміздің бүгініміз бен кешегімізге, ғұмырымыз бен махаббатымызға, жастығымыз бен жасамыстығымызға, фәниіміз бен бақилығымызға, ең кереметі, арманымызға сұлу да сырлы ескерткіш орнатып берген екен-ау. Ой, ар¬ман-ай!

«Арман» – бүгінде біз тамсана еске алып, әндерін шырқата салып жүрген халық композиторларының өлмес әндерімен бір қатарда тұратын классикалық үлгідегі қазақ әні. Егер XXII ғасырда өз тілінде түсінетін, ұлттық әуенді жүрегімен сезіне алатын жандар қалса, ол ғасыр қазақтары «Арманға» тура осындай баға береріне дау жоқ. Өйткені, әннің тұла бойынан адамзат баласының бәріне тән ұлы қасиет – арманның буы бұрқырайды. Әсіресе, әнге өзек – қазақы көкіректің арманшылдығы. Соны Тұрсынжан ән етіп толғап, Несіпбек оған тіл бітіріп, Рамазан кең ғаламға шырқата алып шыққандай...

***

УАҚЫТПЕН ОЙ ТАЛАСТЫРЫП ОТЫРМЫН: кезінде Ақан, Біржан, Әсеттерді, өзге де халқымыздың сал-сері, әнші-күйшілерін қазақ мейірі қанғанша тыңдады ма екен? Жалықпады ма екен?


ЗАМАНМЕН СӨЗ ЖАРЫСТЫРЫП ОТЫРМЫН: олардан берідегі қол жетіп дауысын естіген Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, өзге де күміс көмей, алтын саусақ аға-апаларымыздың өнерінен көкірегі ояу, көзі ашық қандастарымыз мейірі қанғанша сусындай алды ма екен? Әлде, тиіп-қашып

тыңдады ма?

ҒАСЫРМЕН ҚИМАЙ ҚОШТАСЫП ОТЫРМЫН: салмағы ауыр болған XX ғасырдың шымылдығы жабылар тұс – Жәнібек пен Қайраттай қос әншіні құрдас-замандас етіп беріп, олардың кәусардай әндерін бал орнына жұтып жүріп өткізген қимас кезеңдер екен-ау өзі?! Қайтейін, ол заман да қолын бір-ақ бұлғады. Жәнібек, Қайраттарды күні-түні тыңдасам, жалыққанның орнына жалындап тұрушы едім өмірге деп бүгін кімдерді сендірейін?! Олардан жалығу – өмірден жеріну мағынасын бермеуші ме еді?..

БҮГІНМЕН СЫРЛАСЫП ОТЫРМЫН: бүкіл қазақ даласы әнге бөленіп, күймен тербеліп тұратын ол кезеңдер келмеске кетті-ау... Кешелергі Жүсекең, Манекең, Ғарекеңдер алшаң басқан кезең түгілі Жәнібек, Қайраттар тынбай ән салған сол жылдар қазақ қоғамына бүгінде ертегідей көрінбей ме? Ел болса ертеңіне өз ән-күйінсіз жете алмас, әйтсе де заман-мен ілесе келген шексіз тарсыл-гүрсіл, жөнді-жөнсіз жаңғырық, ынданы кеуіп ышқыну, қылбұрау салғандай шыңғыру, сілкініп жатқан жер үстінде билегендей жөн-ретсіз аспанға секірулер – қазағымның қазына әндерін естігенде, баяу шоққа ұстаған қорғасындай еріп тұрар жанымызды, астындағы ыдысын аударғандай, төгіп-шашып жатқанын сезіну, сол сезінуден шошынуға әкеліп соғып жатқанын кімге айтамыз, кімнен көмек сұраймыз?! Ертеңді білмеймін, бүгін бұл азаптан құтқарса, соңына бір топ шәкірттерін ертіп, ән сала жортқан Рамазан ғана құтқарар. Иә, Рамазан, әнші Рамазан, қазына кеуде, қоңырау дауысты Рамазан Стамғазиев!

Бұл сырымның басты өзегі де осы ойларға бас ию еді.



АЛДЫМЕН БАЛА, СОДАН КЕЙІН ПАНА ІЗДЕЙТІНДЕР БАР



Кішкентай күнімде әкемнің бір досы елдің алдында сөйлеп тұрып «Ел менен Сайлаудың (әкемді айтып отыр. – Н.Б.) тоғыз баласы бар, оларды қалай асырайды?» деп сұрайды «Құдай асырайды» дегені бар еді…

Иә, біз «құдай асыраған», барға қанағат қылып өскен балалармыз. Бала саны көбейген сайын тұрмыс таршылығы қыспаққа алуы мүмкін деген нәрсені ойымызға алып көремегеніміз де содан.

Байқасам, өз айналамда қалтасы таяз болса да, жеті-сегіз бала тауып, мемлекетке білімді, саналы азамат қалыптастырып беріп жатқан аналар аз емес. Құрбы-құрдас, жастардың арасында да төрт-бес баланың анасы атанып, баланы байлығым, бақытым деп білген, өрісін кеңейткен келіншектер көп. Олар әлеуметтік жағдайының төмендігін, қызметте өзіне қолбайлау болатынын ойлап, отбасылық өмірді есеп-қисапқа салған жоқ. Тіпті төрт баласын төрт пәтерде дүниеге әкеліп, есті өмірін балаларымен ертегідей етіп жүргендер де бар.

Олар алдымен балаға, содан кейін барып панаға қол жеткізіп жатыр.

ЕШКІМГЕ ҚАРАП ҚЫЗЫҚПАЙМЫЗ

Таяуда белгілі тележүргізуші Айгүл Мүкей өзінің инстаграмына мынадай жазба жариялапты «Ресейде үшінші баласын туған әйел 450 000 рубль, теңгеге аударсақ шамамен 2 250 000 теңге алады екен. Бұған қоса, солтүстіктегі «көршіміз» 10 соттық жер учаскесін немесе оны ақшалай береді. Әр әйел екінші балаға ай сайын 270 000 рубль жәрдемақы алады. Мұны маған Челябі қаласының тұрғыны айтты. Біздікімен салыстырсақ, айырмасы жер

мен көктей! Кедейліктен әбден тарыққан біздің қыздарымыз 80-90 мың теңге табу үшін амалсыздан жүкті болып, бала туатынын естіп жүрміз».

Әрине, намысты да, жүректі де шымырлататын сөз.

Балаға берілетін жәрдемақы үшін бала табу деген… халықтың әлеуметтік жағдайының тым төмендігін көрсетпей ме? Онда ҚР Статистика агенттігінің «Халықтың тұрмыс сапасы» туралы сауалнамасының нәтижесі шындыққа жанаса ма? «Материалдық қамтамасыз етілу (ауқаттылық) деңгейі бойынша респонденттердің 55,6 пайызы өздерін қамтамасыз етілудің орташа деңгейіне жатқызды, қамтамасыз етілудің төменгі деңгейін 1,6 пайыз респонденттер көрсетті және респонденттердің тек 0,2 пайызы өздерін қамтамасыз етілудің жоғары деңгейіне жатқызды» делініпті онда. Сонда жәрдемақы үшін бала тапқысы келетін келіншектерді аталған респондеттердің қай тобына жатқызамыз? Тұрмысым орташа дейтін 55,6 пайызға ма, әлде әлеуметтік қамтамасыз етілудің төменгі деңгейінде өмір сүріп жатқан 1,6 пайызға ма?

Рас, Ресей президенті Владимир Путин халық өсімінің көрсеткіші төмендегенін айтып, дабыл қағып жүр. Оларда кез келген бала дүниеге келгенде оның күтіміне байланысты жәрдемақы бір жарым жыл бойы төленеді (біздегідей бір жыл емес). Берілетін қаржылай көмектің мөлшері де біздегіге қарағанда анағұрлым жоғары. Ал Мәскеуде әр туылған сәбиге ішінде шақалаққа қажетті заттардың бәрі жинақталған 44 заттан тұратын корзина беріледі.

Жо-жоқ, біз ешбір елдің әлеуметтік қолдауына көз қыздырмаймыз. Жәрдемақы көлемі жоғары елдерде бағаның қаншалық төмен екенін білмейміз де ғой. Оны саралап қарасақ, бәлкім қызығар ма едік. Бірақ Финляндия, Корея, Түркия секілді елдерде, әсіресе Қытайда бала туғанға мүлдем жәрдемақы берілмейтінін біліміз. Тіпті, бала санын шектеп отырған елдердің де бары рас.

Алайда «көп қорқытады, терең батырады» демекші, Қазақстанда халық санының аздығы көзге көрініп тұрған ақиқат емес пе? Көп халықтан талант та, еңбеккер де көбірек шығады. Өндіріс орындарын ашып, өзін-өзі отандық тауармен қамтамасыз ету мәселесінде де халықтың көптігі маңызды. Тұтынушы көп болса, өндіріс ошағын ашуға тәуекел етушілер де аз болмайды. Демек, біз кей мәселелерде халық аздығы салдарынан да артта қалып келе жатқан ел емеспіз бе?

Қазақстанда қазіргі таңда халықтың әл-ауқатын жақсартуға кедергі келтіріп отырған мәселе – баспанасыздық және жұмыссыздық. Ауыл әйелдері жұмыстың жоқтығынан баланың жәрдемақысына сүйеніп күн көруге көшсе, қалада баспананың жоқтығынан көпбалалы отбасылар моральдық тұрғыда қысым көретіні рас.

БЕС БАЛА ТАПҚАНДАР ҚАНША ЖӘРДЕМАҚЫ АЛАДЫ?

Қазіргі кезде бес баласы бар әр отбасы ай сайын 10 005 теңге жәрдемақы алады. Көпбалалы ана ретінде қоғамдық көлікте тегін жүру, жеңілдікпен берілетін тұрғын үй кезегіне тұру және балаларының әрқайсысын Оқушылар сарайының бір үйірмесіне тегін беру мүмкіндігі бар.

Жалпы елімізде әр бала туылғанда жөргекпұл және бір жылға дейін жәрдемақы беріледі. Мәселен, бірінші, екінші, үшінші бала – 91 390 теңге, ал төртінші және одан кейінгі балаларға 151 515 теңге көлемінде жөргекпұл төленеді.

Сәби бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы жұмыс істемейтін әйелдерге: бірінші балаға – 13 853 теңге, екінші балаға – 16 379 теңге, үшінші балаға – 18 880 теңге, төртінші және одан кейінгі балаларға 21 405 теңге көлемінде беріледі. Ал жұмыс істейтін әйелдерге бала күтіміне байланысты бір жасқа толғанға дейін төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем олардың соңғы 2 жыл ішіндегі жалпы табысының орташа мөлшерінің 25 пайызы көлемінде. Одан 10 пайыз зейнетақы жарнасы ұсталып отырады.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайын берілетін жәрдемақы көлемі – 15 392 теңге. Яғни бұл ақша алты және одан

да көп бала тапқандарға арналған.

Айта кетер жайт, биылғы жылға дейін «көпбалалы» санатына жататын төрт баласы бар отбасылар да ай сайын жәрдемақы алып келген болса, бертінде ол тоқтатылған. Үкімет көпсінген сияқты.

Астанада туу көрсеткіші жоғары

Дүние жүзіндегі көп мемлекеттерде халық санының өсіміне елеулі ықпал ететін белгілі бір аудандар бар. Мәселен, Ресейде және бірқатар мемлекеттерде, негізінен, бала табудан өзін шектемейтін азаматтарды ауылды жерлерден көруге болады. Ресейдің кейбір мамандары соңғы уақытта халық өсімін жақсарту үшін белгілі бір аймақтар бойынша ынталандыру шараларын енгізу дұрыс деген ұйғарымға да келіп отыр. Мұндай тәжірибе АҚШ-та бар. Оларда кейбір штаттарда көпбалалы отбасыларға жағдай жасалғаны сонша, тіпті олардың жалға берілетін кез келген ғимаратқа көшіп барып, тұруына ерік берілген.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында мемлекеттің халық саны 1,5 млн адамға артқаны рас. Өңірлерінің ішінде туудың ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында (1 000 тұрғынға шаққанда 29,74 сәби дүниеге келген), Астана қаласында (28,23) және Оңтүстік Қазақстан облысында (27,20) байқалған. Ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан (13,17), Павлодар (15,91) және Шығыс Қазақстан (15,98) облыстарында тіркеліпті.

Тек қана биылғы жыл басынан бастап 1 шілдеге дейінгі табиғи өсімді айтар болсақ, Алматы қаласында – 10083, Шымкент қаласында – 10333, ал Астанада 12316-ға жеткен. Осындай жоғары көрсеткіштің арқасында 2018 жылдың 1 қаңтарында 1030577-ні құраған елорда халқының саны 1 шілде күні көші-қон арқылы келген 5073 адаммен қосқанда 1047966-ға жетіпті.

Осыған қарап, елордамызды табиғи өсімі ең жоғары қала деп айтуға болады.

Демек, елорданың өзі Қазақстан экономикасының ғана емес, халық санының да өсуіне елеулі үлес қосып отыр. Мұнда жастардың бала сүйіп, демографияға үлес қосуға деген ынтасы жоғары. Қалалық мекемелерде жеңілдікпен тұрғын үй алу кезегінде тұрғандардың біршама бөлігі көпбалалы отбасылар санатынан екені де ақиқат.

Астанада орташа жалақы 223 мың теңге. Демек, қаладағы нарық 223 мың теңге жалақы алатын азаматтардың мүмкіндігіне сай қалыптасып отыр. Бірақ, ондай жалақыны қанша адам алатыны беймәлім. Ал көпбалалы отбасылардың жағдайы қалай, оларды асыраушы азаматтардың орташа табысы қанша, ондағы балалардың әкесі не анасы осы орташа жалақыны таба ала ма – ол жағы бізде есепке алынып көрмеген.

Демек, ай сайын не 15 000 теңге («Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Батыр аналар»), не 10 005 теңге (бес баласы бар аналар) жәрдемақы алады.

Бұл қаражат, әрине, жұтқыншаққа жұғын да болмайды. Баланың тамағын, қосымша үйірмелерге баратынын, оның денсаулығы мен демалысына кететін шығындарды айтпағанда, мезгіл сайын өсіп тұратын сәбилерді киім-кешекпен қамтудың өзі мұң емес пе? Бір мезгілде балаларды шетінен киіндіріп, кем-кетігін түгелдеп болғанша, келесі мезгіл басталады… Ал тұрғын үй кезегінде баспананы жылдап күтетініңіз бар, ай сайын пәтерге төленетін ақыны (көпбалалы отбасына жалдамалы пәтер табу да өте қиын) есептей беріңіз…

Сонда біздің қаламыздағы өсім ненің, кімнің арқасы? Әрине, әйел-аналардың жанкештілігінің арқасы. Қазақстанда халық саны қазақ әйелдерінің жанкештілігінің арқасында ғана өсіп отыр. Әлем, қоғам қатігезденіп бара жатса да, қазақ әйелдері мейірімін сақтап қалуға ұмтылуда.


Ендеше мемлекетті басты байлық – адаммен толықтырып отырған көпбалалы отбасыларды жеткілікті әлеуметтік көмекпен қамтамасыз етуді ойлайтын кез келген жоқ па?

Нәзира БАЙЫРБЕК

ҚОҒАМ ҚАТІГЕЗДЕНСЕ ДЕ, АНАЛАР МЕЙІРІМІН САҚТАП ҚАЛДЫ

Эмиль Золя

ЖАРНАМА ЖҮРЕК



Пьер Ландри Париждің күндіз-түні кісі аяғы басылмайтын Орталық базар маңындағы Сент Оноре көшесінде туды. Сол базарда шұлық тоқуды ғұмырлық азық еткен әкесі күнде жұмыстан үйіне қайтқанда әлі есін білмейтін ұлына газет ала қайтатын. Ал оның соңғы беті толған жарнама еді. Сүт анасы бүлдіршін Пьерге алғаш «а» деген әріпті сол газеттегі хабарландырулар мен жарнамаларға қарап үйреткенде, бақ пен сорды таразылап жатпаған еді… Әйтеуір көзін ашып көргені – қызылды-жасылды қағаздар, кейін көшеде кездестірсе де, Пьер олардың қасынан жай өте алмайтын болды. Әрқайсысын тәптіштеп оқып, содан белгілі бір дәрежеде ләззат алатын ол әдеттің соңы бүлдіршін жүректің жарнаманы құлай сүюіне апарып соқтырды.

Жиырма жасында Пьер жетім қалды. Бірақ әкесі тірнектеп жүріп ұлына өмірінің соңына дейін жететін мол мұра қалдырыпты. Құрай сындырмайтын перзент үшін бұдан асқан бақыт болар ма, сірә?!. Тіпті ол енді мәңгі-бақи әке бейнесін көрмейтіндігі әп-сәтте ұмытты да кетті. «Мен қандай бақытты едім, қалай өмір сүрем деп алаңдамаймын да. Жарнамада бәрі тұр. Ең жақсы дегеннің бәрін сұрыптағаны аздай, ол қамқоршылар әр пенденің қалтасына дейін ойлайды ғой: қандай тауарды, қайдан, қанша ақшаға табуға болатынын жол сілтеп, барынша бізге қолжетімді қылу үшін жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүргендері… Тіпті бізге ауыртпалық түсірмеу үшін тауарды өз бағасынан да арзанға сататындарын айтсаңшы!.. Олай болса, адамзаттың жақсы тұрмысы үшін жанын құрбан қылуға бар солар үшін өмір сүремін» деп шешті Пьер.

Сол сәттен бастап таңын жарнамамен атырып, жарнамамен батыруға көшкен Пьер Ландридің үйі әп-сәтте Парижде жасалған түрлі тауарлардың қоймасына айналып шыға келгені. Бірақ одан ол өзіне ләззат алмаса, ешқандай ауырлық сезінген жоқ. Себебі ақындарға шабыт сыйлаған дүниені бұл қалайша сатып алмасын? Ал ақын деген халық анау-мынауға жыр ар-

намайды, арнады ма, демек, ол тауар – өркениеттің соңғы жетістігі деп ұқты жігіт.

Әттең, осының соңы өкінішке ұрындырарын білсе еді ғой Пьер… Білу қайда, тіпті, сол тұста оған Жер шарының күллі тұрғыны келіп: «сенің мына істеп жүргенің не?» десе де ешбіріне құлақ аспасы анық еді. Бірақ жағдайдың күн санап ушыға түскені сонша, Пьер Ландридің өмірі тозаққа айналды десе болғандай. Бісміллә деп, топырағы шөгінді жерге үй салды. Себебі ол жерді жарнама мақтаған. Үйді де «соның» айтуындағы «жаңаша технологиямен» салды. Алайда неге екені, бірінші дауылдан соң-ақ шайқатылып қалған үйді артынша жауған нөсер шайды да кетті. Оған дейінгі үйдегі жағдайды айтпай-ақ қояйық: әр жаққан сайын пештің бықситыны соншалық, ащы түтіннен соқыр болып қалу қиын емес еді. Қоңырауы тас мылқауша тырс етіп үн шығармайтын есіктер, есесіне әр ашып-жапқан сайын жаңа туған сәбидей «іңғәлайтын». Ал әжетхана исі… Қойшы, қысқасы, бәрі сол бала күннен құдайдай сенген қызыл-жасыл қағаздың тіліне ерудің нәтижесі ғой.

Тап осындай жағдай оның қала сыртындағы үйін де айналып өтпеді. Аркейлдегі саяжай ауласына ағаш орнына Пьерекең ойына не келсе, дәлірек айтқанда жарнама нені айтса, соны отырғызған. «Сирек кездесетін өсімдік» деп берген көшеттен бидайықтың сойдиған сабақтары өсіп шықты. Жарнамада жер көкке сыйғызбай мақтаған әдіспен қазылған әуіт (бассейн) бір шомылуға да жарамай омырылып түскенде, Ландридің өзі суға кете жаздап, әрең аман қалды…

Бірақ, бір қызығы «осылай болды ау» деп қайғырып жатқан Пьер жоқ, керісінше екі езуі құлағына жетердей мәз. Тіпті жарнаманың осындай «тосын сыйы» оның өміріне тәтті дәм қоса түскендей болды оған. Жарнамаға сонда да шық жуытпаған ол «төрт құбыласы түгел ешкім жоқ, егер бір нәрсе дұрыс болмаса, демек мен жарнаманы дұрыс меңгере алмай жатқанымнан» деп, ол одан сайын көше бойындағы қызыл-жасыл парақша атаулыға құныға түсті. «Түбінде мен мүлтіксіздік пен кемелдікке жетем!» деп өз-өзіне серт берді ол.

Пьердің меншігіндегі мүліктерден кейін кезек оның жеке басына келді. Көшеге шығар-шықпас үстіндегі киімнің жыртылып түсу оқиғасы бір емес сан рет қайталанды. Алғанына апта толмай жатып, талай бас киім қиқы-жиқы қалыпқа түссе, қолшатырлары қырсық қылғанда жауын құйып бергенде ашылмай қалатын. Себебі олар арзандатылған бағамен сатып алынған еді. Пьер ондай киімдер мен мүлікті ақшасы жетпегендіктен емес, жарнама солай жөн сілтейтіндіктен алатын. Ал өз өмірінің «конституциясы» іспетті қағиданы бұзу ол үшін айып саналды.

Сөйтіп жүргенде бір күні адамдар оны таз күйде ұшыратты. Бар болғаны ол сары шашын қараға айналдырам деп ойлаған, жидіп түсіп қаларын кім білген?.. Алайда, «мүйіз сұраймын деп, құлақтан айрылған» тоқал ешкінің кебін кисе де, көңілі бәз баяғыдай Пьерге таң қалмау мүмкін емес еді. «Ештеңе етпейді, шаш өсіретін құрал бар, соны жақсам, бұрынғымнан да қалың шаш өседі» деді ол, бейне түсіп қалған өзінің емес, айналасындағы адамдардікі іспетті…

Таз болғаны аздай, Пьердің екі жағы мен иегі күн санап тыртыққа тола түсті. Себебі ол «теңдессіз» бәкілерді пайдаланатын. Ал Пьер ішкен дәрі-дәрмектің әсерін айтуға тіпті ауыз бармайды. О баста күші мығым, тепсе темір үзетін жігітті ақырында сырт адамдар түгілі өз туыстары танымастай халге жетті. «Ат арыса – тулақ, адам арыса – аруақ», осы мақал тап Пьердің түр-тұлғасын сипаттауға арналғандай. Ол аз десеңіз, Ландри демікпеге шалдықты. Бірақ, бар трагедия сонда – осының бәрі өзінің жылт еткен жарнаманы қалт жібермейтін әдетінен тапқан дерті екенін Пьер ұққан жоқ. Керісінше, аурудан айығудың амалын ол тағы да сол жарнамадан іздеді. Түрлі фабриканттар мақтаған шоколадтардың қаншасын жегенін санау мүмкін емес, соншалық шамада ол хош иісті тауарлар тұтынды. Филантроп дәрігерлердің «ауыртпаймыз» дегеніне сеніп, қанша рет жағын сындырғаны тағы бар.

Жарнама тәнін ғана тоздырумен тоқтаған жоқ, Пьер өзінің ақылынан алжасқанын да байқамай қалып еді. Жылжымалы сөрелері бар шкафты ол «ақылшысы» айтқан кітап түрлерімен толтырды. Және кітаптарды да ол жарнамада мақтау ретіне қарай орналастырды. Бұл да аз десеңіз Ландри кітапты өзі оқып жатпай, алғысөзде айтқан сөздерге қарап «қызық», «күлкілі», «аянышты» деп білді. Газет-журналды да жарнамаға сеніп жаздырып ала берді. Не керек, жарнамасыз түшкіріп пысқыра да алмайтындай ақымақтықтың шегіне жеткен Пьер Ландриді ешкімнің де құтқаруы мүмкін болмай қалды соңында…

Бұл драманың соңы тіпті аянышты. Әбден діңкесі құрыған Пьер «алды-

на барғанның бәрін аурудан құлан-таза айықтырады екен» деп ести сала әлдебір тәуіптің алдына жанұшыра жетті. «Аңқау елге – арамза молда», жасына жетпей қартайған жігіт ағасының жағдайына миығынан күле қарап отырып ол «он бес жасыңа қайтарам, барамысың?» деді. Күдіктену қайда, елп ете түсті бұл. Ол үшін бар болғаны тәуіп айтқан суды ішіп, тәуіп айтқан бұлауға түсу жеткілікті еді. «Ләббай, тақсыр!» дегеннен артық ләм демеген Ландри сол айтылғанды үйге жеткен бойда орындауға кірісті. «Жасарғаны сонша», екі сағаттан соң оның жансыз денесі су толы бұлауда «күлімсіреп» жатты. Солайша көзін ашқаннан жарнаманы жалау тұтқан аңғал азаматтың соңғы демі де сол сенімнің жетегінде көкке ұшқан… Бәлкім, тәуіп оның жанын қазіргі «тозақ ғұмырынан» солай құтқарған шығар? Яғни, Пьер Ландри дертінің емі тек тозған тәнді тастап «ұшып кетуде» ғана болды ма…

Бірақ тіпті өлген соң да Пьер Ландри жарнамаға адал боп қалды. Алаяқ дәріхана қызметкерінің айтқанына имандай сенген ол өз мүрдесін «шірітпей сақтайды» деген табытқа салуды алдын ала өсиет қағазға жазып кетіпті. Марқұмның соңғы сөзін аяқ асты қылмайын деген қауым бірақ дәл мазар басына жеткенде кенет не күлерін, не жыларын білмей тұрды да қалды: әлгі табыт жер қойнына тапсырылмай жатып, қақ айрылып еді. Онсыз да бақытсыз, бақсыз ғұмыр кешкен Пьердің өлі денесі балшыққа етпеттей құлап, солайша сынған табыт пен жалаңаш дене топырақ астына бірге көмілді. Тағы да жарнама бойынша сатып алынған құлпытас та жарықтықтың көзі тірісіндегі үйіндей бір дауылдан қалмай жермен жексен болған…

Ел үшін, елдік идея үшін емес, жарнаманың бірінші де соңғы құрбаны Пьер Ландри болса-шы…

1874 жыл.

Орысша «Жертва рекламы» нұсқасынан қазақшалаған
Мәриям ӘБСАТТАР

25.01.2014 жыл



АЛПЫСҚА АЛҒЫС АРҚАЛАП КЕЛГЕН АЗАМАТ

Қазақта «Жақсы болсаң, жердей бол – бәрін шыдап көтерген, таза болсаң, су– дай бол – бәрін жуып кетірген» деген сөз бар. Сондай–ақ «ағын суда күнә жоқ» дейді қазақ. Яғни, біздің ғасырлар бойы қалыптасқан түсінігіміз бойынша, су – тіршіліктің көзі ғана емес, сондай–ақ ол тазалықтың да белгісі. Ен– деше, ес білгелі өзінің саналы ғұмырын су шаруашылығына арнап келе жатқан жандарға белгілі бір дәрежеде судың осындай керемет қасиеттері неге жұқпасқа?!.



Дайрабай Сейілбек – көп жылдардан мемлекеттік қызметтің сан саласында қызмет етіп, соның көп бөлігін коммуналдық салаға арнаған білікті маман. Бүгінгі таңда Сейілбек ағамыз «Түркістан-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры.

Айта кету керек, таза ауызсу – бүгінде бір ауыл, тіпті бір мемлекетті ғана емес, бүкіл дүниежүзін алаңдатып отырған ауқымды мәселе. Ғалымдар мұныбылайша түсіндіреді: Жер бетіндегі судың жалпы мөлшері 14 млн текше километр болса, соның небары 0,3 %-ы ғана ішуге жарамды тұщы су көрінеді. Ал, жылдан жылға өркениеттің дамуымен қатар ауызсудың ластану деңгейі өсіп, өршіп барады. Бұл бір, екіншіден, әлі күнге ауызсумен қамтамасыз етілмей, құдықтан немесе ішуге жарамайтын тағы да басқа жерлердің суынтұтынып отырған елді-мекендер жетерлік. Сейілбек Иманбердіұлы су шаруашылығы саласының білікті маманы ретінде мұндай мәселелерді қалт жібермей қадағалап, шамасы келгенше шешіп келеді. Ол кісінің тікелей басшылығымен 2010

жылдан бүгінге дейін қала көлемінде көп жылдардан бері су жүйесіне қосылмаған көптеген көшелерге су құбырлары тартылып, соның арқасында мыңдаған тұрғындар таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Жалпы, Сейілбек Дайрабай коммуналдық саладағы қайсы қызметте болсын, өзіне жүктелген міндеттерге



аса жауапкершілікпен қарайтынын осы бір ғана мысалдан да ұғуға болады. Ағамызқашанда халыққа қалтқысыз қызмет етуді өзіне парыз санайды. Сондықтан кез келген істі ұқыптылықпен дер кезінде орындап отырады. Соның арқасында ол кісінің тікелей басқаруында «Түркістан-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны көптегенжетістіктерге жетті: атап айтқанда, 2014 жылы ҚР «Ең үздік мекеме» атағына ие болды.

Жақсылар «жақсымын» деп айта да алмайды, оған қоса оның жақсылығын ел іштей білгенімен, жалпы жұртқа жария қылу мүмкіндігі бола бермейді. Ал биыл ағамыз алпыстың асқарына аяқ басты. Бұл да Сейілбек Иманбердіұлының өткеніне көз жүгіртіп, өмірін електен өткізуге бір себеп ретінде жарауға тиіс. 1958 жылдың 21 ақпанында дүниеге келген Дайрабай Сейілбек Иманбердіұлы Қазақ химия технология институтында оқып, құрылыс материалдары, заттары және конструкцияларының механикалық қондырғылары бойынша инженер-механик мамандығын алып шығыпты. Яғни, екінің бірі баруға жүрексінетін химия институын тауысқан. Ал еңбек жолын 1982 жылы Түркістан ұсталық пресс жабдықтарын жасау зауытында №2 механикалық цехының шебері қызметінен бастаған. Еңбексүйгіштігінің арқасында қарапайым шеберден біртіндеп еңбек қауіпсіздігі инженері, бөлімше бастығы және директордың орынбасары қызметіне дейін көтерілген.

Ал 1998 жылдың 11 наурызы Түркістан қалалық әкімшілігінде техникалық инспекция бөлімінің бастығы болды. Үш жылда осы қызметтің үдесінен шыға білген ағамыз 2001 жылы «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық» бөлімінде бас маман болып тағайындалады.Қазіргі «Түркістан-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директорлығы қызметіне ағамыз 2010 жылдың қаңтар айында тағайындалған. Ол кісікоммуналдық шаруашылық саласында қызмет атқара жүріп, қаланың гүлденуіне, қала халқының әл-ауқатының жақсаруына, қала экономикасының дамуына үлкен үлес қосты. Мұның бәрі оның өзіне де, езгеге де қатаң талап қойып, оны талап ете алатын мінезінің арқасында деуге болады. Жалпы, Сейілбек Иманбердіұлының өзіне жүктелген қызметтердің қай қайсысында болсын, адам тағдыры мен олардың мұқтаждығына аса мән беріп, халыққа қалтқысыз қызмет еткенін айта кетуіміз керек.

Осындай сан жылдар бойы халыққа қалтқысыз қызмет еткен Дайрабай Сейілбек Иманбердіұлы облысық Мәслихатының мақтау қағазымен, ҚР Ата Заңының 10 жылдық медалімен, Астана каласының 10 жылдық медалімен марапатталған. Сондай-ақ Түркия Республикасы, Сивас қаласының «Құрметті азаматы», ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының «2015 жылдың үздік инженері».

Ағамыз – жеке өмірде де ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жан. Сондықтан қолы қалт етсе,

уақытын немерелеріне арнап, табиғатта демалғаннан жаны жай табады.



ТҮЙІН:

Дәл қазір біздің болашаққа барар жолдағы темірқазығымыз - Елбасының «100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты Ұлт жоспары. Оның қай тарауын, қай тармағын алсаңыз да, өркен жаяр елдің өрісті ісі, оған әр азаматтың қосар үлесі тайға таңба басқандай көрсетілген. Ендеше, қайқайсымыз да еліміздің жарқын болашағына сөзбен емес,Сейілбек Иманбердіұлы секілді еңбегімізбен үлес қоссақ, өркениетті 30 елдің қатарына қосылу жолындағы Елбасы міндеттеген өрелі жұмыс өрісін кеңейтіп қана қоймай, Отанымыздың абыройы асып, экономикасы өркендеп, халқының әл-ауқатының артатыны сөзсіз.



НАЗЫМ СӨЗ

Қалқаман Сарин

Күзгі хат...



«Ешкімге керегің жоқ,
Ешкімнің керегі жоқ,
Сұрама «неге бұл?»-деп,
Себебі, себебі жоқ!
Ешкіммен кездесу жоқ,
Ешкіммен қоштасу жоқ,
Көз-жасың көл-көсір боп,
Көлгірсіп бас қосу жоқ!
...Сол үшін жақсы көрем жалғыздықты!
Ешкім де аңсамайды,
Ешкімді аңсамайсың.
Болса да қанша қайғы
Өзіңді зор санайсың!
Ешкім де кінә артпайды,
Ешкімге кінә артпайсың.
Бәрі де жырақтайды,
Бәріне сыр айтпайсың.
...Сол үшін жақсы көрем жалғыздықты!
Ешкімді алдамайсың,
Ешкім де алдамайды.
Әдемі ән қалайсың,
Әуені жанға жайлы.
Ешкімді жақсы көріп,
Ешкімді жек көрмейсің.
Ешқандай нәпсіге еріп,
Ешкімге кектенбейсің.
...Сол үшін жақсы көрем жалғыздықты!
Ешкімді сағындырып,
Ешкімді сағынбайсың.
Ешкімді бағындырып,
Ешкімге бағынбайсың.
Ешкімді шақырмайсың,
Ешкіммен таныспайсың.
Құдайға жақындайсың,
Күнәдан алыстайсың.
...Сол үшін жақсы көрем жалғыздықты!»

***

Оқырман қыз
Оқырман қыз,
Өмірде алыс,
Өлеңде жақын жанбыз.
Түнге сіңіп тағы да
Ай жүзінен
Мұң көшіріп ақының отыр жалғыз.
Сен ше, қарғам?
Мұңаймашы,
Түспесін еңселі арман.
Ықыласын бір саған аударар ем,
Ыңғайыма осы бір көнсе жалған.
Амал нешік?..
Сансыз арман сарылып санамда өшіп
Дәруіштей дәрменсіз күй кешемін,
Көңілімнің көгінде ғалам көшіп.
Аңғалым-ай!
Жағымды бір болар ма ең, жанға бұлай.
Қалам ұстап қолыма сәл мұңайсам,
Саған ұқсап кетеді жап-жарық Ай!
Мөп-мөлдір шық,
Жанарыңнан жас болып кеткенде ыршып,
Жұбанышың болар жыр жазсам, шіркін,
Жүрегіңнен жарғандай КӨКТЕМ бүршік.
Оқырман қыз...

Өмірде алыс,
Өлеңде жақын жанбыз.
Түнге сіңіп тағы да Ай жүзінен,
Мұң көшіріп ақының отыр жалғыз...
Оқырман қыз...

КҮЗГІ ХАТ...

Сенесіз бе?
Сағындым,
Сізді көрмей…
Үмітіммен күй кештім үздігердей.
Сізді әйтеуір жаныма жақын тұтам,
Бәлкім, жақсы көрерсіз күзді мендей?!

Мен білмеймін.
Сезімді кештік нендей?
Бірақ бізге бір бақыт кеш біткендей,
Сағынуға, сүюге бола ма екен,
ҮНІН, ӨЗІН... Адамның естіп… Көрмей…

Мүмкін, сізді көрдім мен…
Бірақ қашан?
(Болған іске болды әсте кінә артпасам)
…Жаныңызда жүргендей сезінемін,
Жаныңыздан не болам, жырақтасам?

Білесіз бе,
Сіз сирек хат жазасыз?
Содан менде жиілеп сәт мазасыз,
Ауыр ойдан қаламын арыла алмай,
…Ал сіз ше?
Тап-тазасыз!

...Бүгін жаңбыр.
Мейлі, аспан төксін жасын,
Жалғыздықтай жалғанда жоқ сырласым.
Неге екенін білмеймін,
Сіз дегенде,
Кешірімшіл әйтеуір кекшіл басым.

КҮЗГІ ХАТ... II

Кеше сізден хат күттім,
Неге, неге сонша асықтым, аптықтым?
Ғұмырыма татитұғын шаттықтың
Құнын жойып,
Шырмап алды сәттік мұң.

Хаттар, хаттар...
Гүлдер сынды бүрі әппақ,
Жұпар аңқып қалды қайда тұрақтап?
…Менің тұтас бақытыма дәл қазір,
Жетпей тұр-ау бір-ақ хат.

Арыла алмай азабы көп аз мұңнан,
Күз де келді...
Жазмышқа жаз құрбан.

Сағыныш-ай, сағыныш-ай қайтейін,
Жазылмаған хатқа жауап жаздырған.

Астанаға ерте келді күз биыл,
Күздің мұңы баяғыдан бізге үйір.
Іштей мені жұбатады күрсініп,
Тозаңы ұшып жатқан анау түз-қиыр.

Күзді мен де жақсы көрем мұңы үшін,
Жапырақтың жанға батқан жыры үшін.
Мінсіз ғұмыр кеше алмасым белгілі,
Мұңсыз өмір өмір емес...
Құрысын!

Таңдайыма татымаған тәтті бақ,
Маңдайыма тиседағы қаттырақ,
Жауап жазып жіберіңіз нақтырақ.
Жасырмаңыз...
Тек жауапсыз қалуға,
Тиісті емес хат, бірақ.

***

Күзгі қала.
Күзгі жаңбыр.
Күзгі түн.
Сендік ойлар...
Ойдың соңы көп нүкте...
Бір бақытты бөліп алып біз бүтін,
Екі жаққа кеттік пе?

Жарты бақыт.
Қақ жарылған жарты бақ,
Жамау болмақ қалай жарым көңілге?
Күз қойнында қала жатыр қалтырап,
Күйім осы менің де.

Сездірмейсің...
Жыладың ба сен де өксіп?
Еске түсіп кездескен сәт ең соңғы,
Кірпігіңнен үзілгенде кермек шық,
Езіп кетті-ау еңсемді.
Саған деген сағыныш бар, дей тұра,
Екеумізді күтпейді енді ескі бақ.

Өзіңді алдап,
Сезімді алдап бейкүнә,
Келем дейсің.
Кеш бірақ!…

КҮЗГІ КӨРІНІС...

Көңілді қоңыр салқын саз жүдетіп,
Көз жетті кеткеніне жаздың өтіп.
Құлайды жапырақтар құба талдан,
Күрең күз құдіретіне тағзым етіп.

Кеші еді солқылдаған күздің суық,
Не шара, жасыл жаздан үздірсе үміт?

Базары тарқап кеткен бақ ішінде
Күтіп тұр әлдекімді Қыз күрсініп.

Жас талдың аптыққан жел есін алды,
Құрғырдың қылығы жоқ еш ұнамды.
Жылаған жапырақтың жетім күйі,
Әп сәтте көңіліме көшіп алды.

Арқаның өңменімнен өтті желі,
Күдерін қайтқан құстан көк те үзеді,
Бозбауыр бала бұлттар боздап тұрып,
Бораған қыстан хабар жеткізеді.

Бәлкім бұл кездесу ме тұңғыш, ап-пақ,
Бақтағы қыз да сабыр тұрды сақтап.
...Бір жігіт сұр көшеге көрік беріп,
Келеді қызыл-жасыл гүл құшақтап.

Елемей қырды гүлсіз, күнді нұрсыз,
Кешікпей кездесті олар.
...Тұрмын үнсіз.
Батырған мені мұңға қоңыр Күз бен
Жігіттің қолындағы гүл ғұмырсыз.

КЕЗДЕСТІК ҚОШТАСҚАЛЫ...

Көзіңмен көлдей тұнық қызықтырдың,
Жазықсыз жүрді сонда жүзіп бір мұң.
Қоштасар сәт келгенде қимай мені,
Мөп-мөлдір мұңнан моншақ үзіп тұрдың.

Жүрекке жұп бола алмай сендегі адал,
Таусылды тағат, төзім, мендегі амал.
Жасыңды жел кептіріп қоңыр кеште,
Қоңыр күз қолыңа әкеп берді орамал.

Таза едің таңғы шықтай, пәк мінезің,
Әп-сәтте кермек татып тәтті кезің.
Жаным-ау, сенен емес, сенен емес,
Салқындық сезімімнен таптым өзім.

Ұмыттым. Бәрі, бәрі ұмытылды,
Жаныма махаббаттың мұңы тұнды.
Қураған жапырақтай жалған сезім,
Алсам да алақанға... үгітілді.

Кездестік қоштасқалы... Күз. Кешкілік,
Мұңлы әуен тұрды алыстан бізге естіліп.
...Шақырып кездесуге сонда сені,
Кеттім-ау жалғыздықпен жүздестіріп.

КҮЗ бен БІЗ...

Сары түсті сағыныштан Күз моншақ,
Тағып алып тағы келді бізді аңсап.
...Көздеріңді тұрды менен жасырып,
Кірпіктерің қызғаншақ.

Сұр қалаға сыр айтады сыңсып Күз,
Ал, екеуміз күзде ашылған бүршікпіз.
Кірпіктерің күні-түні күзеткен,
Көзіңдегі сезім бе еді кіршіксіз?!

Сезім екен сақтағаны сол көздің,
Киялға еріп бір әлемді мен кездім.
Күннің әлсіз сәулесіне жылынып,
Көз ішінде керіледі кербез – мұң.

Жасыл бақтың жапырағын ұрлап Күз,
Жатыр әне. Сірә біздер тым жатпыз?
Көше бойлап келе жаттық сырласып,
Үнсіздіктің үн таспасын тыңдап біз.

Еміс-еміс қос жүректің дүрсілі,
Естіледі, бұл – махаббат тылсымы.
Өзің жайлы ойларымды ұрлайды,
Күзгі жаңбыр. Тамшылардың тырсылы.

СОҢҒЫ ҮМІТ...

Көктемім өзің едің күзде келген,
Жаралған жан дүниең ізгі өлеңнен.
Сен менен алыс кеттің, арманым-ай,
Мен сенен үмітімді үзбегенмен.

Жанымды жүз қуантып, жүз жылатып,
Кетсе де жүрмін сол бір күзді ұнатып.
Қуанып қос ғашыққа қол бұлғайтын,
Шақырып баққа қарай бізді бақыт.

Аспанда сан мың жұлдыз жымыңдасып,
Айға сыр айтатындай сыбырласып.
...Жанымды жапырақ қып жайып тастап,
Тұрушы ем жалғыз саған сырымды ашып.

Тұрсаң да қарсы алдымда күліп керім,
Қайрылмай кетеріңді біліп пе едім?
Желіккен желмен ұшып кетті-ау сонда,
Үзілген жапырақтай... үміттерім.

Сендегі суынғанда сезім нұрлы,
Мендегі махаббат та көзін жұмды.
Мұңайып мұңға батқан бақ та мынау,
Менің жалғыздығымды сезіндірді,

Сен жоқсың...
Түз – меңіреу.
Күзім – керең,

Көктемнің күзгі бақтан ізін көрем.
Ілініп жалғыз ғана жапырақ тұр,
Мүмкін... сол соңғы үмітім үзілмеген.

ҚҰЛАЗУ

Құлазып қалды ма еңсең,
Жылатсам демеп едім.
Жылаған жанды көрсем,
Жұбатсам деген едім.

Қарсы алмас сол баяғы,
Көктем де күліп бізді.
Санам да сарғаяды,
Сіңіріп суық күзді.

Алысып, адасып ең,
Алапат сезімменен.
Жүректің жарасына ем,
Іздейсің көзіңменен.

Тереңге барам батып,
Миымда – мазасыз мұң.
Сыйлардай саған бақыт
Ерлікке шарасызбын.

Сенбісің іздегені,
Елеңдеп екі көздің.
Махаббат күзде өледі,
Өлтірдім. Қатігезбін...

КҮЗГІ ӨЛЕҢ...

Көңілде күлкі жоқ еш,
Келемін налып іштей.
Кездесу мүмкін емес,
...тек сендік сағыныш қой.

Қол бұлғап кеттің ұзап,
Қалғаны - қалың күдік.
Көз жасын төкті жылап,
Көк аспан жанымды ұғып.

Таныттым асқақ рең
Таба алмай сөзді лайық.
Қалауы басқа, білем,
Қарады көз мұңайып...

Сездің бе, сезбедің бе,
Өлмесін көзіңше үміт.
Өлеңнен өзге кімге
Сыр айтам өзімсініп?!

Бақ болып жолықпай кем
Бұйырған тағдыр бізге.
Көктемдей көрікті оймен
Қамалып қалдым күзде.

Қараша. Күз аптығып,
Суынған от тіршілік.
Үнсіздік... Ұзақ тұрып,
Тұманға кеттім сіңіп.

КҮЗ...

Күңіренген, күрсінген күздің ауыр
Мінезіне үйренген біздің ауыл.
Бұйра шаңын көтеріп қырат-қырдың,
Берекесін бір сәтте бұзды дауыл.

Жанарымда жабырқап жаз жылады,
Жылағаны емес пе, қаздың әні?!
Қайран менің жүрегім, қайтқан құстың,
Қанатынан үзілген сазды ұғады.

Жаңа мезгіл желбіреп жалауы тік,
Жаулап алды жер бетін қалауы ұтып.
Жылы өлкенің жамалын жасқа шылап,
Қара аспанның көзі тұр қарауытып.

Жадыраған жаздың да күйі осал тым,
Мезгілі өтті.
Құс жүдеу, ұя салқын.
...Күздің жырын жазады бір Құдірет,
Бір ғажайып қаламмен сиясы алтын.

КҮЗДІҢ СОҢҒЫ ҚОЛТАҢБАСЫ...

Қыс та келді.
Тайды тағы Күз серттен.

Қар жауып тұр күйге ұласып біз шерткен.
Қара жердің айғыз - айғыз келбеті,
Қара қойдың терісіндей тұз сепкен.


Өлді мезгіл, жете алмастан арманға аз,
Өзгермеген тек тәкәппар Тау маңғаз.
Қар астынан жылытады жанымды,
Кеше ғана күзге өкпелеп қалған Жаз.

Қаһарлы қыс, қаталсыз - ау, кекшілсіз...
Көңілдерден қоңыр мұңым көшті үнсіз.
Қара аспаннан аппақ ұлпа жаудырған,
Құлдық ұрдым Құдіретке еш мінсіз!

Жанарыңда жылт-жылт етіп шық күміс
Ай, қараша, қауысты құш, үтті құш!..
Амалың жоқ, аманат ет арманды -
Алдымыздан ақ боз мініп шықты қыс..

Жүрегімде салқындық бар аздаған,
Салқын жүзбен көз тастайды әз - ғалам...
Күзге ғашық ақын едім қайтейін,
Күз туралы Оданы әлі жазбаған.

Санамдағы сағынышты бұғаулап,
Қарашадан қар ұшады қылаулап.
Біздің шерді тарқататын үн - түнсіз,
Күздің соңғы қолтаңбасы - мынау бақ.



«Сарасөз» әдеби-қоғамдық журналының
индексі – 74974

КАЗПОЧТА, ЕРНҰР-ПРЕСС, ЭВРИКАМЕ-
ДИА, ЕРКІН-ПРЕСС АРҚЫЛЫ

1 жылға жазылу бағасы:
Қала – 6337,20т
Ауыл – 6388,80т

6 айға жазылу бағасы:
Қала – 3168т
Ауыл – 3194т